

Адамдар, Ғаламшар
және Өркендеу

Корпоративтік Әлеуметтік Жауапкершілік бойынша есеп

2024 жыл



КІРІСПЕ

Сіздердің назарларыңызға қазақстандық уран өндіруші және жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен уран өндіру жөніндегі әлемдегі ең ірі оператор – «КАТКО» компаниясының (бұдан әрі – Компания) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) бойынша есебін ұсынамыз. Компания ядролық саладағы екі әлемдік көшбасшының табысты серіктестігінің үлгісін көрсете отырып, қазақстандық «Қазатомөнеркәсіп» және француздық Orano («Орано») компанияларының бірлескен кәсіпорны болып табылады.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша «КАТКО-да» 1 300-ден астам қызметкер жұмыс істеді, олардың көпшілігі Компанияның өндірістік объектілері орналасқан Қазақстанның Түркістан облысында тұрады. Бұдан басқа, Компания ілеспе қызметтер көрсететін және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысатын жүздеген жергілікті мердігерлерді жұмыспен қамтамасыз етеді.

29 жыл бұрын негізі қаланған «КАТКО» тұрақты инновацияларға сүйене отырып және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (HSE) саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, тұрақты дамып келеді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте әрекет етеді. Қазақстан қатысушысы болып табылатын Өндіруші салалардағы ашықтық бастамасы (EITI) шеңберінде ашық есептілік жүргізеді және қызметін Тау-кен ісі және металдар жөніндегі халықаралық кеңестің (ICMM) Қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

«КАТКО» медициналық қызметтерге, білім беруге, энергетикаға және сумен жабдықтауға қол жеткізуді жақсартуға бағытталған жобаларға басымдық бере отырып, жергілікті қоғамдастықтардың дамуына елеулі үлес қосатынын мақтан тұтады. 2009 жылдан бастап Компания осындай бастамаларды іске асыруға 6,3 млрд теңге, оның ішінде 2024 жылы 1,5 млрд теңге бағыттады.



Есептің электрондық нұсқасы мына сілтеме арқылы қолжетімді
<https://katco.kz/azh/otchety-kso-kz>



МАЗМҰНЫ

4

Бас директордың үндеуі

7

Компанияға шолу

14

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесі

17

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

24

Қоршаған орта және жауапты өндіріс

34

Операциялық жетілгендік

39

Біздің қызметкерлер

46

Біздің жеткізушілер

51

Біздің қоғамдастықтар

61

Деректер анықтамалығы



БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



Тұрақты даму біздің стратегиямыздың негізгі қағидаты болып табылады. Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, операциялық тиімділікті арттыру және әлеуметтік-экономикалық құндылық жасау саласында ілгерілеуге қол жеткіздік. Бұл, адамдарға, ғаламшарға және Қазақстандағы жалпы өркендеуге қатысты жоғары стандарттарды сақтай отырып, уранға деген өсіп келе жатқан әлемдік сұранысты қанағаттандыруға дайын жауапты өндіруші ретінде «КАТКО» позициясын нығайтады.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨНДІРІСТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Оңтүстік Төртқұдық кен орнының он жылдан астам өндіріске жеткілікті ресурстық базасы бар. Барлық қажетті рұқсаттар алынғаннан кейін сорғы станциясының құрылысы мерзімінде және бекітілген бюджет шеңберінде аяқталды. Бірінші фаза бойынша өндіріс 2024 жылдың маусымында басталды. Уран өндіру көлемін 2024 жылғы 2 300 тоннадан астамнан 4 000 тоннаға жуық жобалық қуатқа дейін біртіндеп ұлғайту жоспарланып отыр.

Жоба «КАТКО» қызметкерлері мен мердігерлері арасында еңбекке қабілеттілікті жоғалтусыз жұмыс істеудің үш миллион адам-сағат белгісінен асып түсті, бұл, мердігерлік ұйымдардың қауіпсіздігіне қатаң бақылау жасалатынының көрінісі.

БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ

Біздің жауапкершілігіміз бен ашықтығымыз акционерлердің объектілерге сапарларының, басшылықтың тоқсан сайынғы қауіпсіздік бойынша аралап тексеруінің және «Жұмыс учаскесіндегі басшы» бағдарламасы бойынша тұрақты тексерулердің есебінен күшейтіледі. Біз сондай-ақ «Орано» компаниясының өндірістік тәртіп бағдарламасы (Operational Discipline) шеңберінде басшылықтың қауіпсіздік аудиттерін енгіздік.

Адамдар мен ғаламшардың өркендеуі үшін

2024 жылы «КАТКО» компаниясы сорғы станциясының құрылысын аяқтап және бірінші фаза шеңберінде өндірісті бастап, Оңтүстік Төртқұдық жобасын іске асыруды жалғастырды. Бұл жыл сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесін нығайтумен және неғұрлым таза әлемдік энергетикалық теңгерімге көшуді жеделдетумен есте қалды.

ЕО Тұрақты даму саласындағы корпоративтік есептілік жөніндегі директивасына (CSRD) сәйкестікте болу мақсатында көрсеткіштер тізімі кеңейтілді және мүдделі тараптарға сауалнама жүргізілді, бұл, акционерлер, реттеушілер және процестің басқа да қатысушылары үшін ашылатын ақпараттың толықтығы мен салыстырмалылығын арттыруға мүмкіндік берді.

«ЯДРОЛЫҚ РЕНЕССАНСТЫ» ҚОЛДАУ

Геосаяси факторлар және атом реакторларын қайта іске қосу 2023-2024 жылдары уран бағасына әсер етті. 2024 жылдың басында спот бағасы қысқа мерзімде 100 АҚШ долл./фунт белгісінен асып түсті, одан кейін көбінесе 80-100 долл. ауқымында тұрды, ал жыл соңына қарай 80 долл. төмен түсіп, кезеңді шамамен 73 долл. деңгейінде аяқтады.

Энергетикалық компаниялар сенімді жеткізушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттарды бұрыңғыдан жиірек жасасуда. ЖҰШ әдісімен өндірудің өзіндік құнының төмендігі, қауіпсіз логистика, «Орано» және «Қазатомөнеркәсіп» компанияларының серіктестігі «КАТКО-ны» қолайлы жеткізуші етеді. Бұл факторлар қысқа мерзімді баға ауытқуларына тәуелділікті төмендете отырып, энергетикалық қауіпсіздік пен көміртексіздендіруге ықпал етеді.

БІЗДІҢ АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ

«Нөлдік жарақаттану» қағидаты біздің негізгі тиімділік көрсеткішіміз болып қала береді. Оңтүстік Төртқұдықтағы апатсыз құрылыс жұмыстары, Мойынқұмдағы жазатайым оқиғаларсыз он жыл және виртуалды шындық технологияларын пайдалана отырып, оқытуды енгізу қауіпсіздік саласындағы тұрақты жетілдіруді көрсетеді.

Есепті кезең үшін біз бірнеше технологиялық оқыс оқиғалардың алдын алдық. Алғашқы себептерге жүргізілген талдау құбырлардың қалыңдығын бақылауды

күшейтуге, техникалық шараларды жақсартуға, механикалық тұтастықты бағалаудың жаңа құралдарын енгізуге және төтенше жағдайларда іс-қимылға үйретуді арттыруға мүмкіндік берді. Жыл ішінде мердігерлер арасында жұмыс уақытын жоғалтқан бір жазатайым оқиға тіркелді, содан кейін Компания қазіргі процестерді қайта қарап, қадағалауды күшейтті.

Тұрақты мониторинг жұмыскерлерге және халыққа радиациялық әсер ету дозалары қазақстандық реттеушілер мен МАГАТЭ белгілеген нормативтерден айтарлықтай төмен болып қалғанын растады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖАУАПТЫ ӨНДІРІС АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ

Есепті кезеңде «КАТКО» 2024 жылдан бастап сатып алынатын электр энергиясының 50%-ы I-REC сертификаттарымен қамтамасыз етілетінін көздейтін келісімдерге қол қойды. 2024 жылы сондай-ақ 2026 жылдан 2039 жылға дейінгі кезеңде күн көздерінен алынатын электр энергиясын сатып алу туралы ұзақ мерзімді келісім жасалды.

Оңтүстік Төртқұдықтағы жылу сорғылары жүйесі жылыту үшін дизель отынын пайдалануды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Біз су пайдаланудың тиімділігін арттырып, 1,016 млрд теңге сомаға бұрғылау ерітінділері мен шламдарды сусыздандыру бағдарламасын іске қостық, бұл жаңа ұлттық талаптарға сәйкес, шлам қалдықтарын көмуді болдырмауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ біз Оңтүстік Төртқұдық үшін 11 000 гектар өтемдік ағаш отырғызу мен ерікті бастама шеңберіндегі қосымша ағаш отырғызуды қоса алғанда, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде 13 000 гектардан астам ауданда орманды қалпына келтіру бағдарламасын жалғастырдық.

Паскаль Бастьен | Бас директор

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖЕТІЛГЕНДІККЕ ҰМТЫЛУ

Біз «Орано» инновациялар бағдарламасы шеңберінде шешімдер қабылдауды қолдау және ұңғымаларды тазартуды оңтайландыру үшін жасанды интеллектті пайдаланатын пилоттық жобаларды жүргіземіз. Кері айналымды бұрғылау және тотығу қондырғысын тестілеу өнім шығарудың тиімділігін және энергия үнемдеуді арттыруға мүмкіндік берді.

Жеткізу тізбегінің тұрақтылығы «Қазатомөнеркәсіптің» еншілес компаниясымен қышқыл жеткізуге арналған көп жылдық келісімшарттар және жергілікті жеткізушілерден сатып алу үлесін ұлғайту есебінен күшейтілді. Бұл шаралар шығындарды азайтуға және капиталды ұтымды пайдалануға ықпал етеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ

«КАТКО» 1 300-ден астам жоғары сапалы жұмыс орындарын қамтамасыз етеді, олардың 70%-ын Түркістан облысының тұрғындары алады. Есепті кезеңде жалақыны көтеруді, әкелерге бала күтімі бойынша демалысты енгізуді және қашықтықтан жұмыс істеудің икемді нысандарын көздейтін ұжымдық шарт жаңартылды.

Басшылықтың қауіпсіздік аудиттері, Orano Operational Discipline және Kazatomprom Safety Audits бағдарламалары проактивті қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Әлеуметтік осал жастарға арналған техникалық оқыту бағдарламалары мен стипендиялар ЖҰШ әдісімен өндіру жөніндегі мамандардың жаңа буынын даярлайды.

Әртүрлілік мәселелері де басымдықтардың қатарында қалып отыр. Басшылық лауазымдардың 19%-ын әйелдер атқарады және біз тең мүмкіндіктер саясатын дамытуды жалғастырамыз.

СЕНІМДІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӘРІПТЕСТІК

Жергілікті деңгейде қосылған құнды құру негізгі бағыт болып қала береді. Біз отандық өндірушілермен қаптама құбырлар мен жеке қорғаныш құралдарын жеткізуге жаңа келісімдер, сондай-ақ ұңғымалар мен шығын өлшегіштерді орналастыру үшін материалдар өндірісін жергіліктендіру бойынша халықаралық әріптестермен өзара түсіністік туралы меморандумдар жасастық.

Жеткізушілердің біліктілік аудиттері енді адам құқықтары саласындағы климаттық тәуекелдер мен критерийлерді бағалауды қамтиды, бұл әдепті және орнықты жеткізу тізбегін қалыптастыруға ықпал етеді.

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ТARTУ

«КАТКО» білім беруді, денсаулық сақтауды, энергетиканы және сумен жабдықтауды дамытуға бағытталған едәуір әлеуметтік инвестицияларды жалғастырды. Басты жобалардың ішінде – мүгедектігі бар балаларға арналған «Инватакси» сервисін кеңейту, интерактивті ғылыми сыныптарды жабдықтау және өңірдің үш ауылында су алу ұңғымаларын бұрғылау.

2024 жылы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізілді, ол негізгі күтулер мен проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Көпшілік алдындағы кездесулер мен мобильді ақпараттық пункттер Созақ ауданының тұрғындарымен ашық диалогты қамтамасыз етті. Тәуелсіз сауалнамалар Компания қызметін қоғамдық қолдаудың жоғары деңгейін растайды.

ОРНЫҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚҰРУҒА НАЗАР АУДАРУ

Электрлендіруге және цифрлық инфрақұрылымға көшу базалық энергияның сенімді төмен көміртекті көздеріне сұранысты арттырады. Оңтүстік Төртқұдықтың жобалық қуатқа шығуына қарай «КАТКО» басымдықтары HSE жоғары көрсеткіштерін қолдау, әділ жұмыспен қамту және диалог арқылы әлеуметтік тұрақтылық, сондай-ақ акционерлер мен мемлекеттің орнықты кірістерін қамтамасыз ететін өндірістік және қаржылық мақсаттарға жету болып қала береді.

Біздің қызметкерлерімізге, жеткізушілерімізге, мердігерлерімізге, жергілікті қоғамдастықтар мен мемлекеттік органдарға ынтымақтастық үшін, сондай-ақ «Орано» және «Қазатомөнеркәсіп» акционерлерімізге қолдау көрсеткені және стратегиялық басшылық жасағаны үшін алғыс айтамын.

Бірге біз адамдардың дамуын, планетаны қорғауды және Қазақстан үшін орнықты өркендеуді және таза энергетикаға жаһандық көшуді басымдықта сақтаймыз.

КОМПАНИЯҒА ШОЛУ

ӨНДІРУДЕГІ ЖЕТІЛГЕНДІК

«КАТКО» компаниясы Қазақстанда жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖҰШ) әдісімен уран кен орындарын игеруді жүргізуде және елімізде 1 300-ден астам адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде. ISO стандарттары бойынша сертификатталған корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі және қоғамдастыққа бағдарланған КӘЖ бағдарламасы барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыра отырып, қауіпсіз және сенімді өндірісті қамтамасыз етеді.

«КАТКО» БЕЙІНІ



БІЗДІҢ МИССИЯ

Біз уран өндіру саласында үздік еңбек және өмір сүру жағдайларын жасай отырып, қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін үлгі болуға ұмтыламыз. Біз өз командамыздың тәжірибесі мен білімін, сондай-ақ үздік халықаралық тәжірибелер мен заманауи инновацияларды қолдана отырып, ең қауіпсіз және экологиялық жауапты әдістерді пайдалануды қолдаймыз. Біздің мақсатымыз – тиімді, сенімді және сенімге лайық басқару жүйесін қамтамасыз ету. Осы миссияға қол жеткізу үшін біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, радиациядан қорғану, экологиялық жауапкершілік және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану негізінде корпоративтік мәдениетін қалыптастырамыз.



БІЗДІҢ ҰСТАНЫМЫМЫЗ

Табысты инновациялар және жаңа өндірістік жобаларды іске асыру есебінен компанияның орнықты болашағын қамтамасыз ету.



БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

- Міндеттілік сезімі
- Бір-біріне қамқорлық жасау
- Өзгерістерге ашықтық
- Ғанибет пен қуаныш
- Сенімділік пен адалдық

1996 жылы құрылған «КАТКО» Қазақстанның Түркістан облысындағы Мойынқұм кен орнын (Оңтүстік және Төртқұдық учаскелері) игеру бойынша қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорын болып табылады. 30 жылдық дерлік тәжірибеге сүйене отырып, Компания өз акционерлерінің ауқымды техникалық және операциялық білімдерін пайдаланады: Orano Mining SAS («Орано Майнинг») – 51% және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ («Қазатомөнеркәсіп») – 49%. «КАТКО» штаб-пәтері Астанада орналасқан.

Компанияның қазіргі объектілерінің жанында орналасқан, Оңтүстік Төртқұдық уранның бірінші тоннасын 2024 жылдың маусымында жобаның бірінші фазасы іске қосылғаннан кейін берді. Бұл жоба он жылдан астам мерзімге жоспарлы өндіріс көлемін қамтамасыз етеді және уран өндіру үшін ЖҰШ әдісін қолдануда «КАТКО» құзыретінің жоғары деңгейін растайды. Оңтүстік Төртқұдықтағы ЖҰШ инфрақұрылымы қоршаған ортаны қорғау және өндірістік тиімділік жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес жобаланған.

Қазақстанның жергілікті қоғамдастықтардың ұзақ мерзімді өркендеуі мен игілігіне ұмтылысын бөлісе отырып, Компания өзінің барлық үш объектісі бойынша қалпына келтіру бағдарламаларын іске асыруға рұқсаттар алды. КӘЖ бойынша міндеттемелер және лицензиялық талаптар шеңберінде «КАТКО» жергілікті ғылыми-зерттеу жобаларына инвестиция салады, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға басымдық береді және қоршаған ортаны сақтау үшін инновациялық шешімдерді енгізеді.

«КАТКО» жынысына және ұлтына қарамастан баршаға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. 1 300 қызметкердің көпшілігі Қазақстан азаматтары болып табылады.

ЖЕРАСТЫ ҰҢҒЫМАЛЫҚ ШАЙМАЛАУ (ЖҰШ) ӘДІСІ

ЖҰШ әдісі алғаш рет 1960-жылдардың басында уран өндіру үшін әзірленген және 1990-жылдардан бастап кеңінен таралған. Бүгінде ол әлемдік уран өндіру көлемінің жартысына жуығын қамтамасыз етеді. ЖҰШ арқылы өндіру технологиясы. Қатаң өндірістік және реттеушілік бақылау жағдайында дамыды. Ол едәуір беттік бұзуды қажет етпейді және бұл ретте қалдықтардың немесе бос жыныстардың жинақталуына әкелмейді. Бұдан басқа, ол инвестициялар тұрғысынан шығыны азырақ және өндірудің дәстүрлі тәсілдері сияқты соншама көміртекті қажетсінбейді. Алайда бұл әдіс, егер кен су өтпейтін топырақ қабаттарының арасында орналасқан болса ғана (мысалы, Қазақстан, Өзбекстан және Моңғолиядағы сияқты) пайдаланылуы мүмкін.

НЕГІЗГІ САНДАР 2024

Уран өндірісінің
жалпы көлемі, тонна

2 388

Шебер-жоспар шеңберінде
орындалған жобалар

14

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ШЫҒЫНДАР

Жергілікті сатып алуға
жұмсалатын шығыстардың
жалпы сомасы, KZT млрд

126

Жергілікті әлеуметтік жобаларға
жұмсалатын шығыстардың
жалпы сомасы, KZT млрд (2009-24)

6,3

Жергілікті әлеуметтік
жобаларға арналған
шығыстар, KZT млн

1 547

Мемлекеттік бюджетке
төленетін төлемдердің
жалпы сомасы, KZT млрд

54

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Қызметкерлердің
жалпы саны,
адам

1 300

Парниктік газдар
шығарындылары (1, 2 және
3-қамту) тонна CO₂-эквивалентті

71 164

ӘЙЕЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР 165
ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР 1 287
ЭКСПАТРИАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ 13

ҚАУІПСІЗДІК

Жұмыс орнындағы ықтимал
қауіпті жағдайлар

34

Еңбекке жарамдылықты
жоғалтумен жарақат алудың
жиілік коэффициенті*

0,12

*жарақат алу жиілігінің коэффициенті: Еңбекке жарамдылықты жоғалтумен жарақат алудың жиілігінің көрсеткіші (LTIFR) «КАТКО» қызметкерлері мен мердігерлердің нәтижелерін қамтиды.

«КАТКО» КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компания Жарғысында сипатталған «КАТКО» корпоративтік басқару жүйесі келесі органдар мен функцияларды қамтиды:

- **Қатысушылардың жалпы жиналысы (ҚЖЖ)** Компанияның стратегиялық мақсаттарын айқындайды және қадағалау өкілеттіктерін Байқау Кеңесіне береді.
- **Байқау кеңесі** операциялық қызметтің мониторингін жүзеге асырады, заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуын бақылайды, сондай-ақ Компания қызметінің акционерлердің күтулеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.
- **Техникалық және Қаржы комитеттері** қолданылатын заңдар мен нормативтерге сәйкес шешімдер қабылдауды қамтамасыз ете отырып, Байқау кеңесіне және ҚЖЖ-ға техникалық, экономикалық және қаржылық мәселелер бойынша консультациялық қолдау көрсетеді.
- **Бас директор және Директорлар комитеті (ДИРКО)** Байқау кеңесінің басшылығымен Компания қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады және болжамдар дайындайды. Комплаенс департаментінің қолдауымен олар заңнаманың сақталуын және әдептік тәртіптің жоғары стандарттарын қамтамасыз ететін саясат пен рәсімдерді әзірлеп, енгізеді. ДИРКО мүшелері КӘЖ мәселелері бойынша тұрақты оқытудан өтеді.
- **Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша интеграцияланған менеджмент жүйесі** табиғат қорғау және өнеркәсіптік заңнаманың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етеді, ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 стандарттары бойынша сертификаттауды қолдайды.
- **Жұмыскерлердің өкілдік органы** қызметкерлерге еңбек заңнамасын сақтауға ықпал ете отырып, қауіпсіздік мәселелері, кадр саясаты және еңбек қатынастарының басқа да аспектілері бойынша пікір білдіруге мүмкіндік береді.


- **Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару басқармасы** тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асырады, ішкі бақылауды тұрақты бағалауды жүргізеді және бақылау рәсімдерін жетілдіру үшін бөлімшелердің басшыларымен және тәуекелдер иелерімен өзара іс-қимыл жасайды.
- **Тәуекелдерді басқару функциясы** нормативтік талаптарға үздіксіз сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, өндіріс, қаржы, еңбекті қорғау, экология және құқық салаларындағы тәуекелдерді анықтайды және төмендетеді.
- **Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі техникалық инспектор** Компанияның қызметі еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы белгіленген стандарттарға үнемі сәйкес келетінін растай отырып, тәуелсіз техникалық бағалау жүргізеді.

Есепті кезеңде Компания бірқатар шарттық және операциялық рәсімдерді жетілдірді. 2023 жылы Құрылтай шартына өнімді сатуды басқаруда үлкен икемділікті қамтамасыз еткен өзгерістер енгізілді.

2022 жылдың соңында «КАТКО» тарату қорын қалыптастырудың пропорционалды әдістемесін енгізуді көздейтін, сондай-ақ Оңтүстік Төртқұдық қайта өңдеу зауытын іске қосуды растайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыруға қол қойды.

2024 жылдың сәуірінде Компания өндірістік бағдарламаны өндіру жоспарымен сәйкестендіретін қосымша келісімге қол қойды.

«КАТКО» МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ



ІСКЕРЛІК ӘДЕП ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

«КАТКО» корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, корпоративтік басқарудың халықаралық танылған қағидаттарын, сондай-ақ БК қатысушылары – «Орано» және «Қазатомөнеркәсіп» стандарттарын сақтауды қамтамасыз ететіндей етіп құрылған. Компания сондай-ақ ISMM Пайдалы қазбаларды өндіру қағидаттарына, Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI) стандарттарына, Тұрақты даму саласындағы корпоративтік есептілік жөніндегі ЕО директивасына (CSRD) және Тұрақты даму жөніндегі еуропалық есептілік стандарттарына (ESRS) сәйкес келуге ұмтылады.

Байқау кеңесі жанындағы комитеттер желісі және ДИРКО талаптарға тұрақты сәйкестікті қолдау үшін заңнамадағы өзгерістердің мониторингін, ішкі саясаттарды келісуді және тексеру нәтижелерімен алмасуды қамтамасыз етеді. Сыртқы бақылау ҚР Энергетика министрлігінің, Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің және экология, еңбек қатынастары және өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы басқа да құзыретті органдардың жоспарлы тексерулері арқылы, сондай-ақ БК қатысушылары жүргізетін аудиттер арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті қоғамдастықтармен ашық және айқын өзара іс-қимыл Компания қызметінің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Өңір тұрғындары өз өтініштері мен шағымдарын өтініштерді қараудың ресми тетігі арқылы жібере алады.

«КАТКО» Өндіруші салалардағы ашықтық бастамасы (EITI) шеңберінде салық төлемдері, роялти және пайданы бөлу туралы мәліметтерді жариялайды, сондай-ақ жыл сайын «Орано Майнинг» компаниясына әдеп туралы есеп ұсынады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«КАТКО» парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және «жәрдемдесу үшін төлемдердің» кез келген нысандарына қатаң тыйым салады. Бас директорға тікелей бағынатын тәуелсіз бөлімше болып табылатын Комплаенс департаменті келесі нормативтік және корпоративтік құжаттарға негізделген ішкі бақылау жүйесін іске асырады:

- БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (Қазақстан 2008 жылы ратификациялаған);
- Sapin II Француз Республикасының Заңы (2016 жыл);
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2015 жыл);
- «Орано», «Қазатомөнеркәсіп» және «КАТКО» компанияларының КӘЖ әдеп және саясат кодекстері, оның ішінде Комплаенс саласындағы саясат;
- Мүдделер қақтығысын және бұзушылықтар туралы ақпараттандыру тетігін реттейтін «Орано», «Қазатомөнеркәсіп» және «КАТКО» рәсімдері.

2010 жылы қабылданған және 2022 жылдың тамызында жаңартылған «КАТКО» Комплаенс саясаты негізгі қағидаттарды бекітеді: адалдық, кәсібилік, құпиялылық, адалдық, құрметтеу және жауапкершілік.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер шарттардың барлық үлгілеріне енгізілген, ал контрагенттерді бағалау, мүдделер қақтығыстарын реттеу және бұзушылықтар туралы хабардар ету рәсімдері қосымша кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

ОҚЫТУ, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

Қызметкерлер іскерлік әдеп мәселелері бойынша жыл сайынғы онлайн-оқытудан, сондай-ақ жыл бойы мақсатты тренингтерден өтеді. Оқыту материалдары мен модульдері тиімділікті бағалау үшін пайдаланылатын OPUS платформасында орналастырылған. Тәртіп стандарттары Бас директордың комплаенс туралы жыл сайынғы Үндеуімен және Комплаенс департаментінің қызметімен ұдайы бекітіледі.

Қызметкерлер мен сыртқы мүдделі тараптар үшін бұзушылықтар туралы ақпараттандырудың құпия арнасы жұмыс істейді, ол жазадан қорықпай мәселелер туралы хабарлауға мүмкіндік береді. Бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жөніндегі «КАТКО» саясатына сәйкес әрбір хабарламаны Комплаенс департаменті қарайды, оның нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда тәртіптік немесе түзету шаралары қабылданады, ал барлық жағдайлар толық жабылғанға дейін қадағаланады.

2023 жылы «КАТКО» әдеп мәселелеріне байланысты 4 оқыс оқиғаны, ал 2024 жылы бәсекелестікке, тұлғааралық қатынастарға және басқа да аспектілерге қатысты 7 оқыс оқиғаны тіркеді. Барлық оқиғалар Компания саясатына сәйкес жан-жақты тексеріліп, реттелді.

2023 жылдың ішінде комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша 149 қызметкер, ал 2024 жылы 150 қызметкер оқудан өтті.

АУДИТ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ

«КАТКО» комплаенс ішкі аудиттерінің жоспарлы бағдарламасын іске асырады және «Орано Майнинг» компаниясының КӘЖ аудит жүйесі шеңберінде әр екі жыл сайын сыртқы тексерулерден өтеді. Есепті кезеңде Компания «Орано» жүргізген ESRS стандарттарына сәйкестігіне тексеруден, сондай-ақ клиенттің тиісті сақтық бағдарламасы шеңберінде ESG-аудиттен өтті. Барлық аудиттердің нәтижелері талданады және басшылық деңгейінде қаралатын түзету іс-қимылдарының жоспарларына енгізіледі.

БАСҚАРУ, ЕСЕП БЕРУШІЛІК ЖӘНЕ САЯСИ БЕЙТАРАПТЫҚ

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен негізгі тиімділік көрсеткіштері «КАТКО» менеджмент жүйесіне интеграцияланған және жоғары басшылықтың бақылауында болады. Компания Әдеп кодексіне сәйкес саяси ұйымдардың пайдасына қаржылық немесе материалды қайырмалдықтарды жүзеге асырмайды, ал сыйлықтар тізілімін Комплаенс департаменті жүргізеді және бақылайды.

Осы құрылымдалған және ашық жүйенің арқасында Компания корпоративтік мәдениетті қалыптастырады, онда әдептік тәртіп күнделікті шешімдердің ажырамас бөлігі болып табылады, тәуекелдер тиімді басқарылады, ал ұзақ мерзімді құндылық барлық мүдделі тараптар үшін жасалады.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

2024 жылы «КАТКО» «Орано Майнинг» компаниясының өндірістік қауіпсіздікті басқару стандартын (PSM) енгізуді жалғастырды. Есептік кезеңде барлық өндірістік алаңдарда PSM жүйесінің жеті негізгі элементін кезең-кезеңмен іске қосу аяқталды.

2021-2022 жылдары барлық басшылар үшін өткізілген PSM бойынша оқыту негізінде Компания интерактивті мониторинг панелдеріне қауіпті жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша негізгі индикаторларды қосты, бұл тәуекелдерді жедел бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл көрсеткіштер сондай-ақ басшылардың тиімділігін бағалау жүйесіне интеграцияланған.

Компания қауіпті химиялық реагенттер пайдаланылатын объектілерде Bow-Tie егжей-тегжейлі талдауларын жүргізуді, оның ішінде аммиак-су контурын жаңғырту және аммиак селитрасын сақтау шарттарын жақсарту сияқты сценарийлерді үлгілеу және оларды болдырмау жөніндегі шараларды іске асыруды жалғастырды. Осы талдаулардың нәтижелері жабдықтарды жаңарту мен оқшаулау жүйелерін жақсартуды қоса алғанда, тәуекелдерді азайту жөніндегі мақсатты жобалардың негізін құрады.

«КАТКО» эвакуациялау және дағдарыс сценарийлеріне ден қою жөніндегі кешенді оқу-жаттығуларды өткізіп, Ерікті апаттық-құтқару командасын (VERT) сертификаттап, дағдарыс орталығын жаңғыртып және іс-қимылдарды тиімді үйлестіру үшін жаңа байланыс жүйелерін енгізіп, төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттырды. Барлық VERT қатысушылары сертификатталған ұйым өткізген курс шеңберінде OPITO аккредиттеген оқытудан өтті.

ТҰРАҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ

Кәсіби, экологиялық және өндірістік тәуекелдерді тұрақты бағалау, сондай-ақ алаңдардағы жоспарлы инспекциялар проактивті қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мақсатты зерттеулер табиғат қорғау шараларының барабарлығы мен тиімділігін қамтамасыз ете отырып, жерасты және жерүсті суларына, топыраққа, су түбі шөгінділеріне және ауаға әсерді қадағалайды.

Осы процестерді жүйелі түрде қолданудың, ISMM корпоративтік басқару нұсқаулықтарына сәйкестіктің және мүдделі тараптарды, ашық қатыстырудың арқасында «КАТКО» өзінің Қатысушылары үшін сенімді өндірісті қамтамасыз ете отырып, қауіпсіздіктің, экологиялық жауапкершіліктің және әлеуметтік тұрақтылықтың ең жоғары стандарттарын қолдайды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«КАТКО» тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған жүйесі уран өндіру циклінің барлық кезеңдерінде адамдарды, қоршаған ортаны және бизнесті қорғауға бағытталған. Ол қатаң корпоративтік басқаруды, халықаралық танылған менеджмент жүйелерін және қызметкерлермен, мердігерлермен, реттеушілермен және жергілікті қоғамдастықтармен тұрақты өзара іс-қимылды үйлестіреді.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару процестерін Байқау кеңесінің қадағалауымен Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті жүзеге асырады.

Нысандандырылған рәсімдер өндірістік, HSE- және әлеуметтік тәуекелдерді, оның ішінде Тәуекелдерді басқару рәсімін және экологиялық аспектілер мен тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторинг пен бақылау рәсімін қамтиды. Бұл рәсімдердің тиімділігі тәуелсіз аудиттермен тұрақты түрде тексеріледі, олардың нәтижелері тұрақты жетілдіру үшін пайдаланылады.

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

Барлық өнеркәсіптік жобалар алдын ала экологиялық тексеруден, қоршаған ортаға әсерді бағалаудан және ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес құрылыс басталғанға дейін әсерді бағалаудың толық рәсімінен (ҚОӘБ) өтеді. ЖҰШ әдісімен өндіру, күшейтілген экологиялық мониторинг және ақпаратты үнемі жария ету табиғатқа әсерді барынша азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мүдделі тараптарды картаға түсіру жүргізіледі, оның негізінде мүдделі тараптармен ашық диалогты қамтамасыз ететін Өзара іс-қимыл жоспары іске асырылады (2024 жылы өзектендірілген).

«КАТКО» қақтығыстар немесе жоғары тәуекел аймағы ретінде ЭЫДҰ айқындаған өңірлерде қызметін жүргізбейді және материалдарды сатып алмайды.



«КАТКО»-НЫҢ КӘЖ БОЙЫНША ҰСТАНЫМЫ

30 жылға жуық уақыт бойы «КАТКО» өзінің Саясатын және КӘЖ Жол картасын басшылыққа ала отырып, жауапты іс-тәжірибелерді және барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұстанып келеді.

Компанияның көзқарасы бизнесті жауапты жүргізудің озық халықаралық стандарттарын көрсететін ISMM қағидаттарына толық сәйкес келеді.

«Орано» компаниясының алты корпоративтік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, «КАТКО» өзінің КӘЖ іс-тәжірибелерін дәйекті түрде жетілдіріп келеді. Бұл ретте халықаралық бенчмаркалар, Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ «Орано» және «Қазатомөнеркәсіп» ішкі саясаттары ескеріледі.

«ОРАНОНЫҢ» АЛТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



Әлеуметтік бастамалар – оның ішінде қайырымдылық жарналар, демеушілік жобалар және стипендиялық бағдарламалар – КӘЖ саясаты мен стратегиясында айқындалған басымдықтарға сәйкес іріктеледі. Әрбір бастаманы қаржыландыру сомасына қарай Бас директор, Әлеуметтік комитет немесе Байқау кеңесі бекітеді.

«КАТКО» сондай-ақ 2025 жылға арналған КӘЖ бойынша маркерлер және 2030 жылға дейінгі мақсаттар жинағына байланысты негізгі тиімділік көрсеткіштерін қадағалау

жөніндегі «Орано» тәжірибесін енгізді. Бұл мақсаттар 5С басымдықтары – Қоғамдастық, Климат, Клиенттер, Бәсекеге қабілеттілік және Құзыреттер төңірегінде құрылымдалған және «Орано» миссиясы туралы мәлімдемемен үйлесе отырып, Компанияның миссиясы мен пайымына негізделген: «Климаттың өзгеруімен күресу үшін, бүгінгі және ертеңгі салауатты және ресурстық тиімді әлем үшін ядролық материалдарды түрлендіру және бақылау саласында ноу-хауды дамыту».

«ОРАНОНЫҢ» БЕС БАСЫМДЫҒЫ (5С)



СЕНІМДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«КАТКО» өзінің әлеуметтік және экологиялық міндеттемелерін нысандандырылған КӘЖ саясаты шеңберінде іске асырады. Бұл жүйе шешімдерді қабылдау процесін бағыттайтын және қызмет нәтижелері туралы ашық есептілік үшін негіз қалыптастыратын өлшенетін мақсаттар мен нақты басқару тетіктерін белгілейді.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР


«КАТКО» қатысушысы – «Орано Майнинг» компаниясы 2024 жылы Топтың маңыздылық матрицасын жаңартып, оны CSRD директивасында белгіленген қосарлы маңыздылық қағидатына сәйкестендірді. Осы талдау нәтижелері еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті, су ресурстарын ұтымды пайдалануды, климаттық тұрақтылықты және қоғамдастықтармен диалогты қоса алғанда, уран өндіру саласы үшін басым тақырыптарды айқындады. «КАТКО» осы басымдықтарды Қатысушының тәсіліне толық сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, өзінің бағалауы үшін негіз ретінде пайдаланды.

ӨНДІРІСТІК АЛАҢДАР ДЕҢГЕЙІНДЕ БАҒАЛАУ

Топтың қазақстандық шындықтарға көзқарасын бейімдеу үшін «КАТКО» 2024 жылдың соңында алаңдар деңгейінде маңыздылықты нақтылап бағалауды жүргізді, ол мыналарды қамтыды:

- Сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен – жергілікті қоғамдастықтардың, реттеушілердің, қызметкерлердің, жеткізушілердің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен 32 тоғыспалы сұхбат;
- Мүдделі тараптарды тәуелсіз картаға түсіру және алаңдарда іс-қимылдарды жоспарлау бойынша кейін практикалық сессия өткізумен, олардың күтулерін талдау;
- Қоғамдастықтармен тұрақты кездесулерден алынған қорытындыларды, шағымдарды қарау тетігінің деректерін және «Орано» қызметкерлерінің ынталылығы туралы сауалнама нәтижелерін біріктіру.

МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ

Алынған сұхбат пен картаға түсіру деректері маңыздылық матрицасына өзгертілді, онда әрбір тақырып әсер етудің маңыздылығы дәрежесіне қарай сараланды.

Бұл матрица, сондай-ақ қолданылған әдіснама алаңдар деңгейінде тәуекелдерді басқару және Компанияның Саясаты және КӘЖ-ге көзқарасын дамыту үшін негіз болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары талдау барысында анықталған төрт басым бағытқа шоғырланатын болады: су және теңіз ресурстары, ластану және теріс әсерлер, диалог және әлеуметтік жауапкершілік, экономикалық даму. «КАТКО» осы бағыттар бойынша өзара іс-қимылды және ақпаратты ашуды жалғастырады, олар есептің келесі бөлімдерінде толығырақ қаралады: Қоршаған орта және жауапты өндіріс (24-бет), Біздің қоғамдастықтар (51-бет).

AN	Іс жүзінде теріс
AP	Іс жүзінде позитивті
PP	Ықтимал позитивті
PN	Ықтимал теріс
WAT	Су және теңіз ресурстары
POL	Ластану және кері әсер
DEV	Экономикалық даму
DIA	Диалог мен әлеуметтік өзара әрекеттесу
ATT	Тартымдылық
EMP	Оқыту мен жергілікті жұмыспен қамтуды қолдау
TRA	Ашықтық
ETH	Этика және бизнесті адал жүргізу

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

НЕГІЗГЕ АЛЫНҒАН ҚАУІПСІЗДІК

Адамдар мен қоршаған ортаны қорғау – «КАТКО»-ның басты басымдығы. Еңбекті қорғау, кәсіби денсаулық пен қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік саласындағы қатаң саясат геологиялық барлаудан бастап қалпына келтіруге дейінгі өндірістік циклдің барлық кезеңдерінің негізінде жатыр.

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

«КАТКО» басымдығы – жақын жерде жұмыс істейтін, тұратын немесе оның объектілеріне барып тұратын әрбір адамның өмірін, денсаулығы мен амандығын сақтау. Еңбекті қорғау, кәсіби денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі интеграцияланған саясатты (HSERP) басшылыққа ала отырып, Компания объектілерді жобалаудың, салудың, пайдалануға берудің, өндірісінің және пайдаланудан шығарудың барлық сатыларында «ең алдымен қауіпсіздік» қағидатын қолданады.

HSERP саясаты бір-бірін өзара толықтыратын үш бағытты қамтиды: еңбекті қорғау және кәсіби денсаулық, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік. Саясатты іске асыру танылған халықаралық стандарттарға және Қатысушылардың корпоративтік талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған басқару жүйесі арқылы бүкіл ұйым деңгейінде қамтамасыз етіледі.

Компанияның жоғары басшылығы дербес жауапкершілік көтереді, бұл ретте әрбір қызметкер, мердігер және келуші қауіпсіздік мәселелерінде көшбасшылық көрсетуге міндетті. Негізгі қағидалар «Ораноның 5 зәкірі мен 7 стандарты» жүйесінде бекітілген және орындалуға міндетті. Тәуекел деңгейі жоғары операциялар үшін

(мысалы, бұрғылау жұмыстары) сондай-ақ күнделікті міндеттерді жоспарлауға кіріктірілген және көрінетін көшбасшылық бастамалары арқылы нығайтылатын жекелеген стандарттар қолданылады, мысалы, Учаскедегі басшы бағдарламасы (MIF).

Барлық маңызды қауіптер HSERP тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған жүйесі шеңберінде анықталады, бағаланады және бақыланады. Қауіптілік әлеуеті жоғары қызмет түрлері үшін Компания жағымсыз жылыстауларға, өрттерге немесе жарылыстарға байланысты тәуекелдерді қамтитын технологиялық қауіпсіздікті басқару тәсілін (PSM) қолданады.

МАҚСАТТАР

«КАТКО-ның» басты мақсаты – барлық бөлімшелерде өлімге әкелетін оқиғаларды және ауыр жарақаттарды болдырмау. Компания қызметкерлер мен мердігерлер үшін еңбекті қорғау мен қауіпсіздіктің қатаң стандарттарын қолдайды және персонал үшін кәсіби және радиациялық дозалар ALARA (As Low As Reasonably Achievable) – «қол жеткізу ақылға қонымды етіп мүмкін болғанша төмен» қағидатына сәйкес қазақстандық заңнамада белгіленген шектерден айтарлықтай төмен болуына ұмтылады.

ӘЛ-АУҚАТ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ

«КАТКО»-ның әр өндірістік объектісінде тәулік бойы шұғыл көмекті қамтамасыз ететін медициналық пункттер жұмыс істейді. Бұдан басқа, қызметкерлерді қолдау бағдарламасы және алаңдарда психологиялық кеңес беру жұмыс істейді, бұл қызметкерлерге кідіріссіз мамандарға жүгініп, дене денсаулығы бойынша да, психозомоциялық мәселелер бойынша да көмек алуға мүмкіндік береді.

Компания өрт, химиялық ағып кету, радиациялық оқыс оқиға немесе медициналық эвакуация қажет болған жағдайда іс-қимылдарды пысықтай отырып, тұрақты түрде сценарийлік оқу-жаттығулар өткізіп тұрады. Барлық қорытындылар құжатталады және рәсімдер мен оқытуды жақсарту үшін пайдаланылады.

ПРОАКТИВТІ ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ

«КАТКО» барлық қызметкерлерді бейінді оқытумен – міндетті кіріспе нұсқамалықпен, біліктілікті арттыру курстарымен және алғашқы көмек көрсетуге үйретумен қамтамасыз етеді. Компанияда қауіпсіздік жөніндегі кеңестер, әлеуетті оқыс оқиғаларды талдау және кез келген қызметкерге жұмысты тоқтатуға немесе жазалау қауіпінсіз қатерлі жағдайлар туралы хабарлауға мүмкіндік беретін STOP-карталар жүйесі арқылы «төменнен жоғары және жоғарыдан төмен» диалогы сақталады.

Әсер ету энергиясы жоғары және ауыр зардаптардың ықтималдығы жоғары қызмет түрлеріне – бұрғылауға, биіктікте жұмыс істеуге, айналмалы жабдықпен және реагенттермен жұмыс істеуге ерекше назар аударылады.

Адамдарға тіпті тікелей зиян келтірмеген барлық оқыс оқиғалар бойынша мұқият талдау мен сабақ алуды қамтамасыз ететін әлеуеті жоғары оқиғаларды анықтау және талдау жүйесі (HIPO) жұмыс істейді. Бұл болашақта елеулі зардаптарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздікті мониторингілеу үшін тәуекелдердің негізгі санаттарын айқындауға және мақсатты алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік беретін «Ораноның 5 зәкірі» жүйесі бойынша Парето талдауы пайдаланылады.

ПЕРСОНАЛДЫ РАДИАЦИЯДАН ҚОРҒАУ

Иондаушы сәулеленумен байланысты қызметтің барлық түрлері дозалық жүктемелерді негіздеуден, оңтайландырудан және бақылаудан өтеді. ALARA қағидатын сақтау инженерлік шешімдермен, аймақтарға бөлумен, жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) пайдаланумен, альфа және гамма сәулелену деңгейлерін үздіксіз бақылаумен қамтамасыз етіледі.



Персонал келесі санаттар бойынша жіктеледі: А тобы – тікелей иондаушы сәулелену әсеріне ұшырайтын қызметкерлер және В тобы – әлеуетті әсер ету аймақтарындағы қызметкерлер.

Бөлу қағидаты – радиациялық тәуекелдерді бақылау негізі. Жұмыс аймақтары сәулелену санаттары бойынша бөлінген, персонал аймақтардың шекараларын кесіп өткен кезде қатаң мониторинг және міндетті деконтаминация хаттамалары қолданылады.

Радиациялық мониторинг деректері айқындылық пен сенімді қамтамасыз ете отырып, реттеуші органдар мен жергілікті қоғамдастықтарға жыл сайын ұсынылады.

ИОНДАУШЫ СӘУЛЕЛЕНУ

Радиациялық белсенділік – бұл кейбір химиялық элементтердің табиғи қасиеті. Уран сияқты кейбір заттардың атомдары тұрақсыз және иондаушы сәулелену шығарады. Басқа материалдармен өзара әрекеттескен кезде сәулеленудің бұл түрі иондауды – заттың тиісті атомдарынан электрондарды алып тастауды тудыруы мүмкін.



ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ТҰРАҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР

«КАТКО» еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тиімділікті халықаралық стандарттармен және Қатысушылардың талаптарымен келісілген көрсеткіштер жүйесі бойынша қадағалайды. Есепті кезең ішінде Компания жоғары қауіп-қатердің бірнеше жағдайларында апаттық хаттамаларды белсендіріп, жоғары дайындық деңгейін және оқыс оқиғаларды тиімді басқаруды көрсетті.

2023 жылдың ақпанында ішінде 55 қызметкер бар автобус Шолаққорған ауылына жақын жерде төңкеріліп кетті. Шұғыл ден қою қызметтері 10 минуттың ішінде келді, барлық жолаушылар эвакуацияланды және оларды медицина қызметкерлері қарап тексерді. Тергеп-тексеру жүргізушінің кінәлі еместігін анықтады – апат қар астында қалған мұз қабатынан болған. Түбірлік себептерді талдау нәтижесінде түзету және алдын алу шараларының жоспары әзірленді, оған кіргендер: қысқы кезеңде логистикалық жоспарлаудың дәлдігін арттыру үшін Түркістан облысы бойынша ауа райының ресми болжамдарына жазылу; мердігерлер автопарктерінің жай-күйін жақсарту; қауіпсіздік белдіктерін міндетті түрде пайдалану туралы ескертумен автобустардың салондарында қауіпсіздік техникасы бойынша бейнероликтерді көрсету; алаңға кәсіби психологты тарту; қысқы жағдайларда ЖКО-ның алдын алу бойынша тұрақты жаттығулар өткізу. Бұдан басқа, жолдардың жай-күйіне бағалау жүргізілді және тәуекелдерді азайту бойынша қосымша шаралар енгізілді.


2023-2024 жылдары өндірістік желілерде негізінен құбырлардың ажырауы мен құйылуына байланысты сыртқы салдарсыз бірнеше технологиялық оқыс оқиғалар орын алды. Бүлінген учаскелер жедел оқшауланып, жөнделді және тазартылды. Ластанған топырақ зертханалық талдауларға сәйкес алынып, кәдеге жаратылды. Себептерді талдағаннан кейін жалғауларды ауыстыруды, профилактикалық тексерулер мен металл жалғастырғыштарын ауыстыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеуді қоса алғанда, түзету шаралары қабылданды.

2024 жылдың наурызында Мойынқұм кен орнында ауыр жазатайым оқиға болды: бұрғылау мердігерінің көмекшісі ұтқыр резервуарды тракторға қосу кезінде жарақат алды, нәтижесінде оң жақ табан буыны сынған. Зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсетіліп, ол ауруханаға жеткізілді. Бірлескен тергеп-тексеру жабдықтарда, жұмыстарды қадағалауда және ұйымдастыруда кемшіліктерді анықтады. Оқыс оқиғаның нәтижелері бойынша шаралар кешені енгізілді: тәуекелдерді бағалау жаңартылды және сүйреу операциялары бойынша жеке рәсім әзірленді, операторларды мақсатты оқытумен қауіпсіз тіркеме бойынша көрнекі стандарт әзірленді, қорғаныш элементтері бар сүйреу қарнақтары жаңғыртылды, көрінуді жақсарту үшін артқы көрініс камералары енгізілді. Басқару деңгейінде тіркеу операцияларын қоса отырып, жабдықтарды бақылау мен қадағалауды жоспарлау күшейтілді.

Жалпы алғанда, Оңтүстік Төртқұдық жобасы 2024 жылы жұмыс уақытын жоғалтпай 3 миллион адам-сағат белгісіне жетті, ал негізгі өндіріс еңбекке уақытша қабілеттілігін жоғалтумен жарақаттанусыз 10 жылды атап өтті.



Адамдар, Ғаламшар және Өркендеу



10 ЖЫЛ

негізгі өндірісте жазатайым оқиғаларсыз



3 + МИЛЛИОН АДАМ-САҒАТ

Оңтүстік Түркістанда жұмыс уақытын жоғалтпай

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Оңтүстік Төртқұдықтағы II деңгейлі оқу-жаттығу

2024 жылдың қазанында Оңтүстік Төртқұдық кен орнында отынды түсіру кезінде өрт пен жарылысты үлгілейтін II деңгейлі оқу-жаттығу өткізілді. Сценарий толық эвакуациялауды, апаттық қызметтерді жұмылдыруды және дағдарыстық штабтың жұмысын қамтыды.

Оқу-жаттығу бөлімшелердің үйлесімділігін, жабдықтардың дайындығын және оқыс оқиғалар кезіндегі қатынасудың тиімділігін тексерді. Ол басшылық тарапынан бақылауды және ден қою уақытын бағалау мен HSERP рәсімдерін сақтау үшін іс-қимылдарды пост-талдауды көздеген.

Іс-шараның қорытындысы бойынша «Шаңырақ» базалық лагерінде дағдарыс орталығын құру, апаттық жиынтықтарды алғашқы көмек көрсету үшін бұраулармен қамтамасыз ету, эвакуациялау рәсімдерін нақтылау сияқты бірқатар жақсартулар іске асырылды.

Келесі кезеңде дағдарыс орталығын дрондардан және CCTV камераларынан бейнені автоматты түрде бейнелеу жүйесімен жарақтандыру, бірыңғай шұғыл нөмір бойынша шақыру мүмкіндігімен жергілікті ден қою тобының мүшелеріне қызметтік телефондар беру жоспарлануда.

Бұл шаралар өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және үздіксіз жетілдіру саласындағы «КАТКО» неғұрлым кең міндеттемелерінің бір бөлігі болып табылады. Төтенше жағдайларға ден қою және одан кейінгі түзету іс-қимылдары бойынша жүйелі ауқымды оқу-жаттығуларды өткізе отырып, Компания өндірістік алаңдардың тұрақтылығын арттыруға, оқыс оқиғаларға ден қою тиімділігін жақсартуға және персонал мен активтерді қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылады.



“Оқу-жаттығудың басты мақсаты – тексеруден өту ғана емес, нақты төтенше жағдай болмай тұрып оларды жою үшін жақсарту аймақтарын анықтау.”

Әнияр Әбілқасымов,
Денсаулық, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі директор

ОҚЫС ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ АУЫРЛЫҒЫ

«КАТКО» өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардан бастап алғашқы көмекті талап ететін оқыс оқиғаларға дейін барлық оқиғаларды тіркеу және талдау үшін оқыс оқиғалар пирамидасының бейімделген үлгісін қолданады. Әрбір елеулі оқиға басқы себептерді талдаудан өтеді, оның нәтижелері тәуекелдерді басқару, нұсқаулықтарды жаңарту және оқыту жүйелерін жетілдіру үшін пайдаланылады. Әлеуеті жоғары оқыс оқиғалар (HIPO) жеке қадағаланады, ал алынған сабақтар жүйелі түрде профилактикалық шараларға біріктіріледі және өндірістік бөлімшелер арасында таратылады.


Оқиғалар пирамидасы, 2024




ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Медициналық дайындық 12 білікті маман кезекшілік ететін тәулік бойы жұмыс істейтін пункттермен қамтамасыз етіледі. Олар ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі тексерулерді, қатері жоғары қызметкерлерді қосымша бақылауды және диспансерлік бақылауды жүргізеді. 2024 жылы тікелей алаңдарда 2 356 медициналық кеңес беру өткізілді.


ЫҚО 1 және 2 мониторингі (нақты және ықтимал оқиғалар)




Парето бойынша қауіпсіздік техникасы: сыни тәуекелдерге ұшырау



Парето сараптамасы: ЫҚО 1 және 2



Қауіпсіздік техникасы бойынша оқытулар



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ

«КАТКО» HSERP елеулі тәуекелдерді басқару және апаттық ден қою бағдарламасы шеңберінде апаттарға ден қоюдың кешенді жүйесін қолдайды.

Жоспарлар жаңа деректер мен іс-тәжірибелерді ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады, сондай-ақ көп деңгейлі оқу-жаттығулар барысында тексеріледі:

- I деңгей – жергілікті оқу-жаттығулар (тоқсанына кемінде бір рет): 2024 жылы 43 оқу-жаттығу өткізілді
- II деңгей – филиалдар басшылығы қатысатын жергілікті оқу-жаттығулар (екі жылда бір рет): 2024 жылы 1 оқу-жаттығу өткізілді
- III деңгей – «Орано Майнинг» бас кеңсесінің өкілдері қатысатын корпоративтік оқу-жаттығулар (жыл сайын): 2023 жылы 1 оқу-жаттығу өткізілді

2023-2024 жылдарға жоспарланған II және III деңгей жаттығуларының екеуі де сәтті өтті, олардың нәтижелері бойынша түзету іс-шаралар жоспарлары әзірленді.

Осы оқу-жаттығулар шеңберінде «КАТКО» HSERP басшылық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін кеңестер мен инспекциялар өткізеді. 2024 жылы алаңдарда қауіпсіздік мәселелеріне арналған HSERP 52


кеңесі және ДИРКО 52 отырысы өткізілді. Сондай-ақ, IV деңгейлі HSERP 25 инспекциясы, аралап шығудан кейін MIF 154 есебі орындалды және 119 STOP-карта берілді.

2024 жылдың төртінші тоқсанынан бастап ДИРКО мүшелері ЖҚҚ стандарттарының сақталуын бақылауға және Operational Discipline Orano философиясына сәйкес тәртіп мәдениетін нығайтуға бағытталған жұмыс аймақтарын аралап шығуды (Жапонияның автомобиль өнеркәсібінде қолданылатын іс-тәжірибеге негізделген Gemba walks ретінде белгілі) апта сайын жүргізеді.

2024 жылы қызметкерлер өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, алғашқы көмек және қауіпсіздік мәдениетін қоса алғанда, 50 392 сағат HSERP оқытудан өтті. Тренингке қатысушылардан кері байланыс тәуекелдерді бақылау шараларын және оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін пайдаланылады. Алғашқы көмек көрсету курсынан өтуге міндетті 703 қызметкер оқуын сәтті аяқтады.

2024 жылдың қазанында Компания Оңтүстік Төртқұдық учаскесінде екінші деңгейлі оқу-жаттығулар өткізді (толығырақ 22-беттен қараңыз). Оқу-жаттығулар отынды түсіру кезінде өрт пен жарылысты үлгілеуді қамтыды. Сценарий толық эвакуациялауды және апаттық қызметтер мен желілік басшылықтың іс-қимылдарын үйлестіруді көздеді. Оқу-жаттығудың қорытындысы бойынша түзету іс-шаралары бекітілді.

ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және РҚ инспекциялары



РАДИАЦИЯДАН ҚОРҒАНУ

«КАТКО» ALARA қағидатын сақтай отырып, иондаушы сәулеленудің әсерін қатаң бақылауды қолдайды. Қызметкерлер айқаспалы ластануды болдырмау үшін тазарту аймақтары мен рәсімдері белгіленген А тобы («әсерге ұшырайтындар») және В тобы («ықтимал әсерге ұшырайтындар») болып бөлінеді. Радиациялық фон туралы деректер үнемі қадағаланады және реттеуші органдар мен жұртшылыққа ұсынылады.

2024 жылы А тобының қызметкерлері үшін ең жоғары доза 4,29 мЗв, барлық қызметкерлер бойынша орташа доза – 1,59 мЗв құрады, бұл 20 мЗв ұлттық лимитінен едәуір төмен және Компанияның ішкі KPI-не сәйкес келеді (А тобы үшін 5 мЗв және барлық қызметкерлер үшін 2 мЗв).

2023 жылы Компания радиациялық бақылауды күшейту үшін қосымша жабдық, оның ішінде дозиметрлер, радиометрлер мен сынама іріктегіштер сатып алды. **Толығырақ 61-беттен қараңыз**

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Күкірт қышқылының ағып кетуі бойынша оқу-жаттығу

2023 жылы күкірт қышқылының тегілуі болған оқыс оқиғадан кейін «КАТКО» Оңтүстік Төртқұдық кен орнының қышқыл қоймасында арнайы оқу-жаттығу өткізді. Сценарий күкірт қышқылының ағып кетуіне әкеп соқтырған кабелдің қысқа тұйықталуы мен өртенуін үлгіледі.

Оқу-жаттығу Компанияның қызметкерлері мен жүйелерінің төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындығын тексерді. Оң нәтижелерге қышқылға төзімді ЖҚҚ тиімді пайдалануды, апаттық қызметтердің жедел келуін және

апаттық душ қондырғыларын табысты қолдануды жатқызуға болады. Қызметкерлер жиын пунктіне уақытылы эвакуацияланды, бұл рәсімдерді білудің жоғары деңгейін көрсетті.

Оқу-жаттығу кезінде «КАТКО» жақсарту үшін бастапқы салаларды анықтады. Оларға мердігерлік ұйымдардың кейбір қызметкерлерінің компанияның ішкі апаттық нөмірі туралы хабардарлығы, сондай-ақ жедел жәрдем автомобильдерінің жүргізушілерінің оқыс оқиға болған жерге ең қауіпсіз бағдарды білуі

жатқызылды. Екі мәселе де келесі оқу-жаттығу барысында шешілді.

Төтенше жағдайларға ден қою әлеуетін арттыру мақсатында «КАТКО» командалық тренингтерге инвестициялауды жалғастыруда. 2023 және 2024 жылдары 40 қызметкер құтқару жұмыстары бойынша сертификатталған оқудан өтті. Бұл шаралар Компанияның мақсатына қол жеткізуге – қауіп деңгейі жоғары оқыс оқиғалар туындаған кезде қауіпсіз және үйлестірілген іс-қимылдарды қамтамасыз етуге ықпал етеді.



Әрбір оқу-жаттығу қағаздағы нұсқаулықтарды адамдар мен қоршаған ортаны қорғайтын нақтыланған іс-әрекеттерге айналдырады.

Әнияр Әбілқасымов,
Денсаулық, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі директор

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ ӨНДІРІС

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

Қоршаған ортаны қорғау «КАТКО» стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және HSERP саясатында бекітілген. Қазақстанның заңнамасына, Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа, сондай-ақ ISO 14001, ISO 45001 халықаралық стандарттарына және ICMM қағидаттарына сәйкес әзірленген Компанияның сегіз ішкі экологиялық стандарты барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін бірыңғай талаптарды белгілейді.

«КАТКО» экологиялық тәуекелдердің алдын алу мәдениетін қалыптастырады, онда әрбір қызметкер жауапкершілікпен әрекет етуге, бақылау шараларын қолдануға және тұрақты жетілуге ұмтылуға міндетті. Экологиялық саясаттың негізгі қағидаттары мыналарды қамтиды: «алдын алу – азайту – қалпына келтіру – орнын толтыру» шараларының иерархиясын ұстану; су және энергетика ресурстарын, сондай-ақ шикізатты ұтымды пайдалану; радиациялық белсенді және радиациялық белсенді емес қалдықтарды тиімді басқару; барлық қызмет учаскелерінде биологиялық алуантүрлілікті сақтау; кен орындарын ретке келтірілген және қаржымен қамтамасыз етілген жабу және оңалтудан кейінгі сүйемелдеу.

МАҚСАТТАР

«КАТКО»-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы басты мақсаты – өздерінің ЖҰШ операцияларының әсерін барынша азайту және сонымен бірге Қазақстанның табиғи ресурстарды неғұрлым орнықты игеруге көшуіне жәрдемдесу. Бұған әсер етудің тұрақты мониторингі, анықталған тәуекелдерді басқару және қоршаған ортаның – жердің, судың, ауаның және биосфераның бұзылған компоненттерін болдырмауға, азайтуға және қажет болған жағдайда қалпына келтіруге бағытталған шараларды іске асыру арқылы қол жеткізіледі.

Осы саясат шеңберінде «КАТКО» су мен энергияны тұтынуды оңтайландыра отырып, жаңартылатын көздерді мүмкін болатын жерде енгізе отырып және өндірістік процестерді тұрақты жетілдіре отырып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтылады.

Компания сондай-ақ материалдармен жауапкершілікпен жұмыс істеу қағидаттарын ұстанады: барлық кәдімгі және радиациялық белсенді қалдықтар халықаралық озық іс-тәжірибеге және Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес болдырмауға, қайта пайдалануға, қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жатады. Бұл ретте қалдықтардың пайда болған сәтінен бастап түпкілікті өңдеуге дейін ашық қадағалануы қамтамасыз етіледі.

Экожүйелерді сақтау тұрақты қызмет жүргізу үшін негізгі шарт болып табылатынын түсіне отырып, «КАТКО» өз алдына өндірістік алаңдарға іргелес жартылай шөлейт аудандарда биоалуантүрлілікті сақтау және мүмкін болатын жерде қалпына келтіру жөнінде міндеттер қояды. Компания әсерді болдырмау және азайту жөніндегі шаралардың иерархиясын ұстанады, мұқият базалық зерттеулер жүргізеді және жаңа деректерді ескере отырып, табиғат қорғау жоспарларын бейімдейді.

«КАТКО» сондай-ақ жауапты жер қойнауын пайдалану жабу және пайдаланудан кейінгі күтімнің нақты және қаржымен қамтамасыз етілген жоспарын қамтуға тиіс екенін түсінеді. Жобалау кезеңінен бастап пайдалану аяқталғанға дейін компания бұрынғы өндіру учаскелерін шаруашылық айналымға қайтару не олардың жай-күйін табиғи айналымға барынша жақындату үшін кезең-кезеңмен қалпына келтіру, сулы деңгей жиектерді оқшаулау және ұзақ мерзімді мониторинг қағидаттарын енгізеді.

«КАТКО» жерді қалпына келтіру бойынша талаптарды барлық сатыларда – объектілерді жобалауды, пайдалануды және пайдаланудан шығаруды біріктіре отырып және әрбір объект бойынша жоспарларды үнемі жаңарта отырып, қалпына келтірудің үздік тәжірибелерін енгізеді. Бұдан басқа, компания GHS (Химиялық заттарды жіктеу мен таңбалаудың жаһандық үйлестіру жүйесі) және Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес тәуекелдерді мұқият бағалауды жүргізе отырып, дұрыс таңбалауды, қауіпсіз сақтауды және ашық ақпараттандыруды қамтамасыз ете отырып, өнімді жауапты басқару саласында көшбасшылық позицияны ұстанады.

ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПРОАКТИВТІ БАСҚАРУ

«КАТКО» табиғи ресурстарды өндіруді ұлттық заңнаманың және халықаралық стандарттардың талаптарымен ұштастыра отырып, ЖҰШ әдісімен іске асырылатын жобалардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаттарын ықпалдастырады. Компания бұл ретте жаһандық атом саласы үшін уранды сенімді жеткізуші болып қала отырып, су ресурстарын, жерді, климатты және биоалуантүрлілікті қорғауды қамтамасыз етіп, жауапты әрі ашық жұмыс істейді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІ

Алдын ала бағалау және жоспарлау

«КАТКО» кен орындарын игеру басталғанға дейін кешенді базалық зерттеулер – физикалық, радиациялық, биологиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізеді.

Бұл зерттеулердің нәтижелері су теңгерімінің әсерін бағалау, үлгілеу, кен орнын жобалау және қалпына келтіруді жоспарлау үшін негіз болады.

Жобалау және пайдалану

Экологиялық аспектілер инфрақұрылымды жоспарлау және ұңғымалық алаңдарды орналастыру схемаларын әзірлеу кезінде ескеріледі. Өндіру процесінде барынша үнемді ЖҰШ әдісімен «КАТКО» нақты уақыттағы деректерді пайдаланады – бақылау ұңғымаларынан, ауа сапасының бергіштерінен және топырақ талдауларынан, бұл тәуекелдерді жедел басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қолданыстағы ISO сертификатталған жүйелері үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Мониторинг және талаптарға сәйкестік

«КАТКО» аккредиттелген зертханаларды тарта отырып, судың, ауаның және шығарындылардың тоқсан сайынғы зертханалық зерттеулерін жүргізеді. Нәтижелер белгіленген шекті нормативтермен салыстырылады және мемлекеттік органдар мен жергілікті қоғамдастықтарға беріледі.

Оқыс оқиғаларды басқару және есептілік

«КАТКО» ISO 14001 бойынша сертификатталған HSE басқару жүйесіне интеграцияланған экологиялық оқыс оқиғаларға ден қою рәсімін енгізді. Ол тәулік бойғы есептілік арналарын, реттеушілерді міндетті түрде хабардар етуді және әрбір оқиғаның басқы себептерін тексеруді қамтиды.

2023 және 2024 жылдары Компания сыртқы ортаға әсер етуге жол бермей, екі технологиялық оқыс оқиғаны сәтті оқшаулады. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары жүргізіліп, анықталған себептер жойылды.

СУ РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Тиімділік пен сапа

«КАТКО» сулы деңгей жиектер теңгерімін сақтай отырып, тұйық контурдағы технологиялық судың айналымын қамтамасыз етеді. Полигондар маңындағы жерасты суларға мониторинг үздіксіз жүргізіледі. Компанияның аккредиттелген ішкі зертханасы ағынды суларды сүзу алаңдарына немесе жинақтауыштарға ағызғанға дейін олардың құрамын бақылайды. Өнеркәсіптік ағынды сулар толығымен технологиялық циклге қайтарылады.

Зияткерлік есептегіштерді пайдалану, қалдықтарды жақсартылған сұрыптау, сусыздандыру және қайта айдау жүйелері бұрғылау ерітіндісін тұтынуды төмендетуге және сулы деңгей жиектерді қорғауға мүмкіндік берді.

Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару

Қуан өңірде жұмыс істей отырып, «КАТКО» су тапшылығын маңызды тәуекелдердің бірі ретінде қарастырады және ден қоюдың сценарийлік жоспарларын іске асырады. Су ресурстарын жауапты басқару әлеуметтік қызметке арналған лицензияны нығайтуға ықпал етеді және сонымен бір мезгілде экономикалық пайда жасайды.



ESG САЛАСЫНДА ТАНУ

2023 жылы «КАТКО» қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстанның жетекші компанияларының бірі болып танылып, «Парыз» сыйлығының «Ірі бизнес» санатында қола медальға ие болды. 2024 жылы Компания «Алтын Гефест» салалық конкурсында «Үздік ESG-стратегия» номинациясында үшінші орынды иеленді, бұл оның тау-кен металлургия секторындағы көшбасшылығын растады..

СУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Жалпы ақпарат	
Өндірістік алаң	«КАТКО»
Ел	Қазақстан
Климат	Суық шөл
Көппен бойынша жіктеу	
Қызмет түрлері	ЖҰШ әдісі тау-кен өндіру және уранды өңдеу
Контекст	
2024 жылы суды пайдаланудың негізгі түрлері	Санитарлық су өндіру, элюция процесі, бұрғылау жұмыстары
Суды тұтыну түрлері	Технологиялық шығындар, санитарлық пайдалану, булану
Тәуекелдер мен мүмкіндіктер	
Жалпы су қаупі*	Өте жоғары (4-5)
Су ресурстарының тапшылығы*	Құрғақ аймақ, суды аз пайдалану
«Business as usual» даму сценарийі кезіндегі су тапшылығының болжамы*	2050: жоғары (40-80%)

* Су тәуекелдерінің атласы (Aqueduct WRI, 2023)

ҚАЛДЫҚТАР, МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ КЕЗЕҢДІЛІК

Басқару жүйесі

«КАТКО» «алдын алу – қайта пайдалану – қайта өңдеу – жою» иерархиясын сақтай отырып, барлық қалдықтарды түпкілікті кәдеге жаратуға немесе қайта өңдеуге дейін жіктейді, сақтайды және қадағалайды. Барлық белсенділігі төмен радиациялық белсенді қалдықтар лицензияланған мамандандырылған объектілерге жіберіледі. 2024 жылы тұрмыстық қалдықтардың 58%-ы қайта өңдеуге жіберілді.

Қалдықтарды қысқарту жөніндегі іс-шаралар

Бүгінгі күні «КАТКО» бұрғылау ерітінділерінің 60% жуығын қайта өңдейді. «Нөлдік қалдықтар» мақсатына жету үшін Компания ЖҰШ бұрғылауда мұнай-газ саласының үздік іс-тәжірибелерін енгізу жөніндегі бағдарламаны іске қосты.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТ

Тұтыну бейіні

«КАТКО» тұтынатын электр энергиясының 90%-ға жуығы ұңғыма алаңдары мен қайта өңдеу өндірісі арасында уран ерітіндісін айдауға тиесілі. Көздері негізінен

Қазақстанның көмір энергия жүйесі болып қалуда. Бұдан басқа, Компания ұтқыр техника мен резервтік генераторлар үшін дизельдік отын мен бензинді пайдаланады. Жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртегі шығарындыларын азайту бастамалары іске асырылуда.

Көміртексіздендіруге жол

«КАТКО» жаңартылатын электр энергиясын сатып алуға шарттар жасасуды, жиілігі реттелетін сорғыларды енгізуді, жылуды рекуперациялау жүйелерін пайдалануды қоса алғанда, бірқатар төмен көміртекті жобаларды жылжытуда.

2024 жылы Компания тұтынудың 50%-ын (кейіннен үлесін ұлғайта отырып) жаба отырып, сатып алынатын электр энергиясы үшін I-REC сертификаттарын пайдалана бастады. Сол жылы күн энергиясын сатып алу туралы ұзақ мерзімді келісімге қол қойылды, бұл 2-қамту (Score 2) тобының шығарындыларын қосымша төмендетеді. Процестік суды пайдаланатын жылу сорғылары жүйесі Оңтүстік Төртқұдық жаңа зауытындағы дизельдік қазандықтарды алмастырып, 1-қамту (Score 1) тобының отын тұтынуын азайтады. (толығырақ 32-беттен қараңыз)

Бұл шаралар тәртіптік бастамалармен бірге шығарындыларды азайту мақсаттарына жетуге және «Орано» 2050 жылға қарай мәлімдеген көміртегі бейтараптығына жақындауға көмектеседі.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ЖЕРДІ БАСҚАРУ

Қорғау шаралары

«КАТКО» ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра объектілері аумақтарында және басқа да ресми қорғалатын табиғи аумақтарда геологиялық барлау немесе өндіру жұмыстарын жүргізбейді.

Сонымен қатар компанияның лицензиялық учаскесі Халықаралық табиғат қорғау одағының (IUCN) жіктелімі бойынша санаттағы ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесіне ие ЮНЕСКО-ның мәдени мұра объектісі – Батыс Тянь-Шань таулы алабында орналасқан Қаратау табиғи қорығынан шамамен 100 шақырым жерде орналасқан. Сондай-ақ жақын жерде жергілікті қорғалатын аумақтар желісінің бір бөлігі болып табылатын IUCN II санатына жатқызылған Сырдария-Түркістан өңірлік табиғи саябағы орналасқан.

КАТКО кен орындарының өздері IUCN 6 қағидаттары бойынша басқарылатын аймақта – табиғи ресурстарды шектеулі ұтымды пайдалануға жол берілетін қорғалатын аумақтарда орналасқан. Жергілікті табиғатқа әсерді барынша азайту үшін Компания жарықты бақылау, көлік қозғалысының жылдамдығын шектеу, өсімдіктерді тазартудың қатаң қағидалары сияқты шараларды қолданады.

Мониторинг және өзара іс-қимыл

«КАТКО» Қазақстанның мемлекеттік органдарымен биоалуантүрлілік мәселелері бойынша белсенді диалогты қолдайды. Кешенді зерттеулер аралығы 10 жылдан 5 жылға дейін қысқартылған. Жыл сайын қызметкерлер арасында табиғатты қорғау жөніндегі бастамаларды анықтауға және ілгерілетуге бағытталған ішкі конкурс өткізіледі.

Қалпына келтіру іс-шаралары

«КАТКО» Мойынқұм және Төртқұдық аудандарында, Түркістан облысында және Арал теңізінің жағалауында сексеуіл отырғызуды, сондай-ақ Түркістан-Шолақорған тас жолы бойында басқа да ағаштарды отырғызуды жүзеге асырады (толығырақ 33-беттен қараңыз). Компания жыл сайын осы ауқымды экологиялық жобаны кеңейтіп келеді.

Сондай-ақ, жыл сайынғы Жер күні өткізіледі, оның аясында қызметкерлер мен жергілікті оқушылар ағаш отырғызуға және қалдықтарды қайта өңдеу акцияларына қатысады.

КЕН ОРЫНДАРЫН ЖАБУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Геологиялық барлау басталған сәттен бастап «КАТКО» Қазақстан заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес объектілерді жабуды жоспарлайды. Әрбір кен орны үшін қалпына келтіру жоспары бар, ол жаңа технологиялар мен мүдделі тараптардың күтулерін ескере отырып жаңартылып тұрады. Негізгі іс-шараларға кіретіндер: жер үсті объектілерін кезең-кезеңімен бөлшектеу, жерді қалпына келтіру, ұзақ мерзімді экологиялық және радиациялық мониторинг. Бұл жұмыстардың нәтижелері көпшілік алдында жария етіледі.

Ластануды табиғи төмендету және радиациялық белсенділігі төмен топырақты өңдеу жөніндегі зерттеулер Компанияның ALARA қағидатын сақтауға ұмтылысын қолдайды. Жергілікті билік органдарымен және халықпен өзара іс-қимыл қалпына келтірудің техникалық, сол сияқты әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Стратегиялық тәсіл

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта бекітілген қалпына келтіру бағдарламасы сулы деңгей жиіектерді бағалауды, өндіруді, жабуды, бөлшектеуді және бақыланатын қалпына келтіруді қамтиды. Қаржылық кепілдіктер мақсатты тарату қоры есебінен қамтамасыз етілген.

Іске асыру және инновациялар

Компания барлық инфрақұрылым объектілерін бөлшектеуге, сулы қабаттарды оқшаулау үшін ұңғымаларды жоюға және өсімдіктерді қалпына келтіруге міндеттенеді. Қалпына келтірудің енжарлы немесе жеделдетілген әдістерін қолдану туралы шешімдер компьютерлік үлгілеу негізінде қабылданады.

Оңалтудан кейінгі мониторинг

Суды, топырақты, ауаны және өсімдіктерді ұзақ мерзімді бақылау қалпына келтірудің тиімділігін растайды және дер кезінде түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Қоғамдық тыңдаулар ашықтықты және мүдделі тараптардың барлық кезеңдерде қатысуын қамтамасыз етеді.

ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

2024 жылы «КАТКО» объектілерінде суды жалпы тұтыну 2023 жылғы 570 449 м³ салыстырғанда 751 249 м³ құрады. Өсім бұрғылау жұмыстарын ұлғайтумен және жаңа өндірістік объектілерді салумен байланысты.

Есепті кезеңде Компания 14 жаңа есепке алу жүйесін және байланыссыз құрылғыны орнатуға инвестиция салды, бұл бақылаудың дәлдігін арттыруға және суды ұтымсыз пайдалануды қысқартуға мүмкіндік берді. Бұдан басқа, ағын суларды тазарту жүйесі жаңғыртылды – экологиялық тиімділікті арттыруды қамтамасыз ететін жаңа өнімділігі жоғары қондырғылар пайдалануға берілді.

Суды алу және бұру, м³



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

2024 жылы бұрғылау шламдары мен белсендігі төмен радиациялық белсенді қалдықтарды қоспағанда, қалдықтардың жалпы көлемі 770 тоннаны құрады, оның 58%-ы қайта өңдеуге жіберілген. «КАТКО» сондай-ақ бұрғылау ерітінділерінің 60%-ға жуығын қайта өңдейді.



60 %

бұрғылау ерітінділері қазірдің өзінде қайта өңделуде



2024 жылы бұрғылау ерітінділерін қайта өңдеу бойынша жаңа учаске іске қосылды


Есепті кезеңде Компания сондай-ақ белсендігі төмен шламдардан уран алу жөніндегі пилоттық жобаны бастады, бұл радиациялық белсенді қалдықтардың көлемін 50%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

2023 жылы «КАТКО» қалдықтарды бөлек жинаудың жаңа жүйесін енгізді – пластик пен қағазға арналған түсті таңбалауы бар контейнерлер орнатылды, сондай-ақ қызметкерлерге арналған қалдықтарды сұрыптау бойынша оқыту бейнероликтері әзірленді.


Тұрмыстық қалдықтар

«КАТКО» тұрмыстық қалдықтарына тағам қалдықтары және кеңсе материалдары сияқты кәдімгі қалдықтар кіреді. Жинау барлық өндірістік алаңдарда орналастырылған арнайы контейнерлерді пайдаланып жүзеге асырылады.

Тұрмыстық қалдықтар, тонна



Өнеркәсіптік қалдықтар, тонна



Өнеркәсіптік қалдықтар

Өнеркәсіптік қалдықтарға өндірістік және жөндеу қызметі барысында пайда болатын ағаш түпқоймалар, тозған шиналар, құрылыс материалдары жатады.

Радияциялық белсенді және қауіпті қалдықтар

Белсендігі төмен радиациялық белсенді қалдықтар (ТБҚ) тікелей пайда болған жерінде сұрыпталады және Қазақстан Республикасының радиациялық белсенді қалдықтарың ұлттық қоймасына берілгенге дейін арнайы жабдықталған аймақтарда уақытша сақталады. Оларға ластанған құм, сүзгілер, жеке қорғаныш құралдары, ион алмастырғыш шайырлар және зертханалық материалдар жатады.


ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2024 жылы «КАТКО» парниктік газдардың тікелей шығарындылары (Score 1) 43 571 т CO₂-экв, оның ішінде жерді пайдаланудың өзгеруіне байланысты ұйымдастырылмаған шығарындылар мен эмиссиялар (29 616 CO₂-экв) құрады, бұл ретте соңғылары көтеріңкі болуы мүмкін. Компания сондай-ақ жиынтық шығарындыларды (1-қамту + 2-қамту топтары) нарықтық әдіс бойынша есептейді. Ол мақсатты мәндер шегінде шығарындыларды

«КАТКО-ның» энергияны тұтынуы (МВт*с)

	2022	2023	2024	Дельта 2024/2023
Тұтынылатын энергия	160 666	167 626	171 282	2,2%
Қазба отындарынан алынатын энергия	49 158	46 570	49 654	6,6%
Тұтынылатын электр энергиясы	111 513	121 056	121 628	0,5%
Жаңартылмайтын энергия көздерінен алынатын электр энергиясы	111 508	121 051	121 623	0,5%
Жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясы	5	5	5	–
Тұтынылатын энергия / tU қатынасы	63	80	72	–8

Радиоактивті және қауіпті қалдықтар, тонна



* Өсу үш жылда бір рет өндірілетін буландырғыш тоғандарды тазартумен байланысты

ұстап тұру үшін көміртексіздендіруді жеделдету және операциялық бақылауды күшейту жобаларын іске асырады.

Есепті жылы Компания дәстүрлі ион алмастырушы шайырларды неғұрлым энергия тиімді аналогтарға ауыстыруды бастады, бұл энергия тұтынуды азайтуға және шығарындыларды 10-15%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

Сатып алынатын электр энергиясы енді I-REC сертификаттарымен расталады, бұл 2-қамту тобы бойынша нөлдік шығарындыларды ескеруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, ЖҰШ технологиялық ерітінділерінен жылу өндірістік үй-жайларды жылытуға арналған дизельдік қазандықтарды алмастыратын жылу сорғылары жүйелерінде пайдаланылатын болады, бұл 1-қамту тобы бойынша отын тұтынуды төмендетеді..



0 тонна CO₂-ЭКВ.
Сатып алынатын барлық электр энергиясы I-REC сертификаттарымен расталған

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

«КАТКО» өз объектілерінің аудандарында үздіксіз экологиялық мониторинг жүргізеді. 2021 жылғы соңғы тәуелсіз зерттеу Компания қызметінің жергілікті экожүйелерге елеулі әсер етпейтінін растады. Сондай-ақ, жыл сайын қызметкерлер мен оқушылар қатысатын биоалуантүрлілік бойынша ішкі конкурстар және Жер күніне арналған іс-шаралар өткізіледі.

Сирек кездесетін және осал түрлер

«КАТКО» Қазақстанның Қызыл кітабына және халықаралық табиғат қорғау ұйымдарының тізбелеріне енгізілген түрлерді бақылауды жүзеге асырады. Соңғы зерттеулерге сәйкес (2021 жыл) Компанияның лицензиялық аумағы жойылып кету қаупі төнген рептилиялар мен амфибиялардың 2 түрі, құстардың 19 түрі, сүтқоректілердің 7 түрі мекендейтін аймақпен қиылысады. Бұл түрлерді «КАТКО» биоалуантүрлілікті басқару жоспарларына енгізген және объектілерді жобалау кезінде ескереді.

Құрып кету қаупі төнген түрлер (таксондар бойынша)

Таксон	«ХТҚО Қызыл тізіміне» сәйкес жойылып кету қаупі бар				«Қазақстанның Қызыл кітабы»				
	Ауыр жағдайда	Жойылу қаупі бар	Осал	Осал жағдайға жақын	1-кат.	2-кат.	3-кат.	4-кат.	5-кат.
Бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділер	0	0	1	0	0	0	1	0	0
Құстар	0	3	2	1	2	1	7	1	2
Сүтқоректілер	1	0	2	0	0	0	4	0	0



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Көмірсутексіз жылу

«КАТКО» 1-қамту тобын көміртексіздендіру және шығарындыларды азайту бойынша күш-жігер шеңберінде Оңтүстік Төртқұдық жаңа зауытындағы жылу сорғысы жүйесіне инвестиция салды. Жүйе технологиялық судың қалдық жылуын ұстап, оны өндірістік инфрақұрылымды жылыту үшін береді, бұл дизельдік қазандықтарды біртіндеп ауыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл бастама БҰҰ-ның №13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау» тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді. Компания осал аридті экожүйе жағдайында жұмыс істей отырып, экологиялық тәуекелдерге ұшырайды және экологиялық ізді төмендету үшін шаралар кешенін іске асырады.

Климатқа әсер ету енді жаңа жобаларды әзірлеу кезінде негізгі критерий болып табылады –


жабдықтарға қажеттілік, өндірістік процестер және күтілетін CO₂ шығарындылары талданады.

Жүйе толық қуатына шыққаннан кейін ол энергия тұтынуды қысқарту және жаңартылатын энергия үлесін кеңейту жөніндегі бағдарламалармен бірге Компанияның төмен көміртексті өндіріске көшуін қолдай отырып, жаңа объектіні көміртексіздендіру мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесін қосады.



Жүйе жобалық қуатына шыққаннан кейін дизельдік отынды жыл сайын тұтынудың айтарлықтай төмендеуі және соның нәтижесінде CO₂ шығарындыларының қысқаруы күтілуде.

Денис Любченко,
Техникалық директор



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Арал теңізінің құрғаған табанында жаңа орман салу

2024 жылы «КАТКО» Аралдың құрғаған табанындағы өсімдіктерді қалпына келтіруге бағытталған «АТҚТ» қазақстандық бастамасын іске асыруды жалғастырды. Жоба «Қазатомөнеркәсіптің» техникалық қолдауымен Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен, Түркістан және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп іске асырылуда.



Бастама шеңберінде Компания ашылған теңіз табанында құрылған тәлімбақтарда сексеуілдер мен басқа да эндемиялық түрлерді өсіру жөніндегі ауқымды бағдарламаны бастады. Бұл қызмет ЖҰШ уран өндіруге арналған өтемдік көгалдандырудың бір бөлігі болып табылады және Қазақстанның 2027 жылға қарай 2 млрд ағаш отырғызу ұлттық мақсатына толығымен сәйкес келеді.

«АТҚТ» жобасына қатысқанға дейін Компания «Түркістан қаласының айналасында жасыл белдеу құру» бастамасына қатысқан, оның шеңберінде өзінің өтемдік міндеттемелерінің бір бөлігі ретінде 2 058 га ағаш отырғызған.

«Жасыл белдеу» бағдарламасынан Арал өңіріндегі орманды қалпына келтіру жобасына көшу Қатысушылардың – «Орано Майнинг» және «Қазатомөнеркәсіптің» – Экология және табиғи ресурстар министрлігімен стратегиялық диалогының нәтижесі болды, осының арқасында 2024 жылғы

20 желтоқсанда Компанияның күш-жігерін экологиялық маңыздылығы үлкенірек аумаққа жаңадан бағыттау туралы бесжақты келісімге қол қойылды.

«КАТКО» тәлімбақтар құруды, тұқым жинауды, дала жұмыстарын және суару үшін ұңғымалар бұрғылауды қаржыландырды.

Экология вице-министрінің ресми хатына сәйкес, «КАТКО» өтемдік отырғызу бойынша өз міндеттемелерін орындады және асыра орындады, талап етілген 11 830 га орнына 13 888 га ағаш отырғызды, сондай-ақ 120 000 га жерге сексеуіл мен галофиттерді егуді қаржыландырды, бұл Компанияның экологиялық жауапкершілігінің жоғары деңгейін растайды.

Арал теңізінің табанын орманды қалпына келтіру Орталық Азияның аса өткір экологиялық проблемаларының бірін шешуге көмектеседі. 1960 жылдардан бастап теңіз алаңы он есе қысқарды, ал оның орнында тұзды топырақ түзелді, ол жыл сайын 100 млн тоннаға дейін шаң шығарады.

Сексеуіл осы жағдайларға тамаша бейімделген: оның тамыр жүйесі бір ағашқа 4 тоннаға дейін құм ұстап тұрады, отырғызылғаннан кейін желдің жылдамдығын бір жыл ішінде 20%-ға төмендетеді және 7 жыл өскеннен кейін шаңның пайда болуының толығымен болдырмайды.

Жергілікті экологиялық әсерлерден басқа, бағдарлама климаттың өзгеруіне қарсы күреске үлес қосады: үлгілеу көрсеткендей, 13 жасар сексеуіл 5 тоннаға дейін CO₂ сіңіреді және жыл сайын бір гектарға 4 тоннаға жуық оттегін өндіреді. Галофиттерді егу өз кезегінде топырақты қалыптастыруға және ауыл шаруашылығы алқаптарының микроклиматын жақсартуға ықпал етеді.


Бұл жалғасып жатқан күш-жігер «КАТКО» стратегиялық тәсілін – экожүйелерді қалпына келтіруді уран өндірудің өндірістік цикліне біріктіруді және мүдделі тараптар үшін өлшенетін ESG-құндылық жасауды көрсетеді.



Ағаш отырғызу бойынша міндеттемелерімізді асыра орындай отырып, біз жауапты уран өндіру Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтірудің қозғаушы күшіне және Қазақстан үшін ұзақ мерзімді экологиялық құндылықтың көзіне айналуы мүмкін екенін көрсетеміз.

Паскаль Бастьен,
Бас директор

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖЕТІЛГЕНДІК



ИННОВАЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТИІМДІЛІК

«КАТКО» тұрақты инновацияларды HSERP қатаң стандарттарын сақтаумен үйлестіреді. Мұндай интеграцияланған тәсіл тиімділікті қамтамасыз етеді, шығындарды қысқартады және уран өндірудің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерді азайтады.

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

«КАТКО-ның» операциялық жетілдіру тәсілі уранды қауіпсіз, жауапты және өнімді өндіру қағидаттарына негізделген. Ол Кәсіптік денсаулық және еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік саласындағы саясаттар ережелері; Кәдеге жаратылмайтын қалдықтармен жұмыс істеу мәдениетін арттыру және су тұтынуды талдау бойынша мастер-жоспар; БҰҰ-ның Химиялық заттарды жіктеу мен таңбалаудың жаһандық үйлестірілген жүйесіне (GHS) сәйкес өнімдерді басқару рәсімдері; және ISMM қағидаттарына сәйкестік арқылы іске асырылады.

Компания өз қызметінде «Орано» корпоративтік мәдениетін, атап айтқанда Opteam26 бағдарламасын – барлық процестердің орындалу тиімділігін арттыру жөніндегі жоспарды басшылыққа алады. Бағдарлама автомобиль өнеркәсібінен алынған Кайдзен (Kaizen), 5S, A3, 5 Неге (5 Why), Канбан (Kanban) сияқты құралдарды, VSM және Гемба (Gemba walks) құндылық жасау ағыны карталарын пайдаланады. Бұл әдістер тұрақты жетілдіру үшін бірыңғай негіз құра отырып, тәртіп мәдениетін, көзбен көріп басқару мен командалардың жауапкершілігін нығайтады.

2024 жылдың басында іске қосылған Opteam 26 барлық қызмет түрлерінің тиімділігін арттыруға бағытталған, 2024-2026 жылдарға арналған «Орано» стратегиялық жоспарының бірінші бағаны болды. «КАТКО» деңгейінде Opteam 26 басымдықтарын қолдану операциялық бақылауды күшейтуден, функцияаралық өзара іс-қимылды жақсартудан және өлшенетін нәтижелерге екпін қоядан көрінеді.

Бұл жүйе күнделікті шешімдер үшін де, технологияларға, зерттеулерге, адамдар мен әріптестіктерге ұзақ мерзімді инвестициялар үшін де негіз қалыптастырады. Ол сондай-ақ Компанияның өндірістік процестерге үнемі жақсарту қағидаттарын қалай енгізетінін айқындайды; қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; өндірудің өмірлік циклінің барлық сатыларында қоршаған ортаға әсерді барынша азайтады; Қазақстанның климат және айналмалы экономика саласындағы мақсаттарын қолдай отырып, энергияны, суды, шикізат пен реагенттерді ұтымды пайдаланады.

МАҚСАТТАР

«КАТКО-ның» операциялық жетілдіру саласындағы негізгі мақсаты – HSERP көрсеткіштерін жақсартатын және шығындарды оңтайландыратын инновациялар есебінен тиімділік пен тұрақтылықты арттыру.

Негізгі жобалардың бірі – уранның шоғырлануын арттыру және оны алуды жеделдету үшін сутегі тотығын (H₂O₂) пайдалануды көздейтін тотықтандыру жобасы. 2013 жылы «Орано» бастамашылық еткен және 2021 жылы «КАТКО-ға» берілген жоба уран шығымын арттыруға және экологиялық жүктемені азайтуға бағытталған. Алғашқы қондырғының құрылысы 2024 жылдың ақпанында басталды.

ИННОВАЦИЯЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘЗІРЛЕМЕЛЕР

«КАТКО» үшін инновациялар – бұл қауіпсіздік, экология және экономика үшін өлшемді пайда әкелетін жұмыстың үздік тәсілдерін жүйелі іздеу. Компания материалдар, коррозия, дәнекерлеу, радиохимия және термогидравликалық сынақтарға мамандандырылған «Орано» құзыреттер орталықтарының халықаралық сараптамасын пайдаланады.

«Орано» мен «Қазатомөнеркәсіппен» бірлескен зерттеулер шаймалаудан кейін жерасты суларын табиғи тазартуды (толығырақ XX-беттен қараңыз) және белсендігі төмен радиациялық белсенді қалдықтар көлемін қысқартуды қоса алғанда, Қазақстан үшін өзекті міндеттерге шоғырланған.

Бағдарлама негізінде басшылықтың қолдауымен қызметкерлерді процестерді жақсарту бойынша өз идеяларын ұсынуға және іске асыруға ынталандыратын «Орано» 5 міндеттемесінің (5C Commitments) негізінде әзірленген «КАТКО» шеберлік жоспары жатыр.

РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ресурстарды пайдалану тиімділігі жобалаудан бастап пайдаланудан шығаруға дейінгі жобалардың өмірлік циклінің әрбір кезеңіне кіріктіріледі. Мәселен, Оңтүстік Төртқұдық жобасында зауыт ғимараттарын қыста жылыту үшін ЖҰШ технологиялық ерітінділерінен жылу алатын геотермальді жылу сорғысы пайдаланылатын болады. Бұл бұрын жылыту үшін пайдаланылған дизельдік отынның көп бөлігін ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл Өзбекстан мен Моңғолиядағы болашақ ЖҰШ жобалары үшін де қарастырылады.

Толығырақ 61-беттен қараңыз



33

2023-2024 жж., шеңберінде орындалған жобалар

ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ШЕБЕРЛІК ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Көпжылдық «КАТКО» Шеберлік жоспары қалдықтарды басқару, су тиімділігін арттыру және сулы деңгей жиектерді қалпына келтіру жөніндегі жобаларды біріктіреді, табиғатты жауапты пайдалануды күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігі етеді.

Есепті кезеңде Компания қалдықтардың барлық ағындарына кешенді аудит жүргізіп, материалдардың бірыңғай көрнекі жүйесі мен түстік таңбалауын енгізді, сондай-ақ Euro-spes (көк және сары) контейнерлерін сатып алды және жинаудың 40-тан астам нүктесін қайта бөлді. Қосымша «КАТКО» 14 жаңа су өлшегіш, пистолеттік жуу жүйелері мен жанасусыз араластырғыштар орнатты, бұл суды жоғары тұтыну аймақтарын анықтауға мүмкіндік берді, сондай-ақ ысыраптарды болдырмай, буландырғыш тоғандарды гидрооқшаулауды қалпына келтірді.

«Орано» мен «Қазатомөнеркәсіппен» бірлескен F3TҚЖ бағдарламасы шеңберінде «КАТКО» базалық деректерді шоғырландыруды, жаңа бұрғылау нүктелерін анықтауды және жаңартылған компьютерлік RTM үлгілері үшін минералдық сынамаларды іріктеуді қамтитын сулы деңгейжиекті қалпына келтіру жөніндегі жол картасының бірінші фазасын бастады.

ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР

Топырақты қатерсіздендіру және қалдық уранды шығарып алу

Компания құрамында табиғи радионуклидтер бар топырақты тазарту жүйесін бір мезгілде уран алумен бірге әзірлейді. Жоба табысты болған жағдайда ол белсендігі төмен қалдықтардың көлемін азайтуға, сақтау құнын төмендетуге және ESG саласындағы «КАТКО» мақсаттарын қолдай отырып, экологиялық міндеттемелерді қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұрғылау шламдарын сусыздандырудың тұйық жүйесі

Жоба кейіннен ЖҰШ процесінде тазартылған сұйықтықты қайта пайдаланумен және алаңда кептірілген қатты фракцияларды қайта қолданумен бұрғылық шламдарынан сұйықтықты бөлуге бағытталған. Мұндай тұйық цикл

қалдықтар көлемін азайтады, тұщы су алуды қысқартады және су ресурстарын қорғау жөніндегі ҚР мемлекеттік саясатына сәйкес келеді. Бүгінгі таңда бұрғылау ерітінділерінің 60%-ы өңделіп жатыр.

Ерітінді шоғырлатқыштарының ұтқыр модульдері

Компания өндіру орнына тікелей жақын жерде уранның өнімді ерітіндісін алдын ала қоюландыратын модульдік шоғырлатқыштарды енгізеді. Бұл уран алу деңгейін арттырады, айдауға энергия тұтынуды төмендетеді және үдерістер экономикасын жақсартады. Бірінші модуль 2023 жылы, екіншісі 2024 жылы пайдалануға берілді.

Сутегінің асқын тотығындағы тотықтырғыш қондырғылар

Тотықтырғыш қондырғыларда сутегінің асқын тотығын пайдалану уран алуды жеделдетіп және қышқыл мен көміртегі ізін тұтынуды төмендетіп, реакциялық жарамды орта жасайды. Бұл жоба – көміртексіздендіру бойынша мақсатты көрсеткіштерге бір мезгілде жылжи отырып, жылына 4 000 тонна уран өндіру деңгейін ұстап тұру жөніндегі «КАТКО» стратегиясының негізгі элементі.

Алғашқы қондырғы 2024 жылдың желтоқсанында дайындалып, іске қосылды. Сондай-ақ рәсімдер, сақтау инфрақұрылымы және жеткізу келісімшарттары аяқталды. Компания жобаны кеңейтуге шешім қабылдады.



Адамдар, Ғаламшар және Өркендеу

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Оңтүстік Төртқұдық жобасын дамыту

2022 жылдың тамызында «КАТКО» қолданыстағы объектілердің жанында орналасқан Мойынқұм кен орнының Оңтүстік Төртқұдық учаскесін игеруге ресми рұқсат алды. Бұл шешім уран өндірудің ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін негізгі қадам болды.

Бірінші фазадағы өндірістік пайдалану 2024 жылдың маусымында басталды. Учаскенің қоры 46 000 тонна уран болып бағаланады, пайдалану мерзімі – кемінде 15 жыл, келесі онжылдық ішінде жылына 4 000 тонна уран деңгейіне кезең-кезеңмен шығу жоспарымен.

Құрылыс 310 км гидро желілер мен 65 км электр желілерін қамтыды. Жоба халықаралық стандарттар

мен жинақталған тәжірибеге сүйене отырып іске асырылды.

Өндірістік және радиациялық қауіпсіздікке, шұғыл ден қоюға, өрттен қорғауға, экологиялық бақылауға және заңнаманы сақтауға ерекше көңіл бөлінді. Алаңда қышқылмен жұмыс істеу бойынша VR-оқыту енгізілді, қышқылдарды сақтау және тарату торабы жаңғыртылды, ал жоспарлау қауіпті аймақтар мен жұмыс бағыттарын бөлуді қамтамасыз етті.

Жоба Түркістан облысының өңірлік экономикасына оң әсерін тигізді – жұмыс орындарын құрды, жабдықтар мен құбырларды қоса алғанда, жергілікті өнімге сұранысты арттырды. Ол сондай-ақ салықтық түсімдердің өсуіне ықпал етті және басқа компаниялар

тарапынан өңірге инвестицияларды ынталандырды.

Жоба шеңберінде қалдықтармен жұмыс істеу жүйесі жаңғыртылды, бұл ретте ағын суларды тазартуға ерекше көңіл бөлінді. Есептік кезең аяқталған кезде Оңтүстік Төртқұдық еңбекке қабілеттілігін жоғалтпай, «нөлдік жарақаттану» саясатына толық сәйкес келе отырып, 3 млн-нан астам адам-сағатқа жетті.

Басынан бастап жобаға экологиялық және әлеуметтік аспектілер біріктірілді. Ұлттық заңнамаға сәйкес Компания Оңтүстік Төртқұдық учаскесінің ауқымынан екі есе асатын аумақта өтемдік орманды қалпына келтіру бағдарламасын іске асырды.

Толығырақ 31-беттен қараңыз



“Оңтүстік Төртқұдықта өндіруді бастауға «жасыл белгі» алу «КАТКО» тарихында жаңа, жарқын тарауды ашады.

Азамат Шайжанов,
Жобалар дирекциясының директоры

Оңтүстік Төртқұдықтың кеңеюі

2021

ЖСҚ бекітілді

2022

Учаскені игеруге рұқсат алынды

2023

Жаңа зауытты салуды бастау
• 2 миллион адам/сағат
• 600 құрылыс жұмысшылары

2024

Қышқылды сақтау қоймасы аяқталды

2025

Жаңа зауыттың алғашқы өнімін маусым айында шығару және Оңтүстік Төртқұдық жобасын 2025 жылдың желтоқсанына дейін аяқтау

+15 пайдалану мерзіміне




4 000 Т уран өндірісінің нысаналы көлемі



ӨНДІРІСТІК ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Операциялық жетілдіру бастамалары «КАТКО» өндірістік әлеуетін қалпына келтіруде және Оңтүстік Төртқұдық жобасын тиімді іске қосуда шешуші рөл атқарды. Тұрақты кезеңнен кейін (2013-2016 жылдары жылына 4 000 тоннаға жуық уран) ескі учаскелердің сарқылуына және COVID-19-ға байланысты шектеулерге байланысты өндіру төмендеді. Ұңғымаларда жұмыс істеу кезіндегі жоғары тәртіп және ҒЗТҚЖ бағдарламаларын іске асыру төмендеуді баяулатуға мүмкіндік берді. 2024 жылдың ортасында Оңтүстік Төртқұдықты іске қосу Компанияға келесі онжылдық ішінде 4 000 тонна уран деңгейіне біртіндеп қайта оралу мақсатын көздеуге мүмкіндік береді.

«КАТКО» өндіріс көлемі, тонна урана



■ Жыл сайынғы өндіру, тонна уран (сол жақ шкала)

■ Жинақталған өндіру, тонна уран (оң жақ шкала)

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Полигондардағы агрегаттардың қозғалысын бақылауға арналған жасанды интеллект

Операциялық қауіпсіздікті бақылауды арттыру үшін «КАТКО» 2024 жылы бұрғылау жұмыстары мониторингінің бірқатар цифрлық құралдарын енгізді. Оңтүстік Төртқұдықтың өндіру инфрақұрылымының құрылысына 50 км² астам алаңда 24/7 жұмыс істейтін және орнын ауыстыратын 50-ден астам бұрғылау қондырғылары тартылды, бұл тұрақты қадағалау мен үйлестіруді талап ететін. Компания алаңды 4G желісімен толық қамтуды қамтамасыз етті, бұл бұрғылау, көлік құралдары мен генераторлардың жылжуын нақты уақытта бақылауға

мүмкіндік берді. Барлық далалық инспекциялар мен аралап шығулар енді тексерулер мен түзету іс-әрекеттерінің бірыңғай цифрлық дерекқорын қалыптастыра отырып, енді мобильді құрылғылар арқылы тіркеледі. 2026 жылдың I тоқсанына қарай «КАТКО» 100% қамтуға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Желі жинайтын деректер негізінде жасанды интеллект алгоритмдері іске қосылды, олар 5 000 ұңғыманы бақылайды, өндіруді оңтайландырады және қолмен өңдеуді жоққа шығарады. Сонымен қатар технологиялық процестерді

автоматты түрде бақылау жүйесі енгізілді

ЖИ қазір 5 000 ұңғыманы бақылауда

Жұмыс сапасын қамтамасыз ету үшін тәулік бойы жұмыс істейтін қауіпсіздік және сапаны бақылау жөніндегі 12 инженерден тұратын мамандандырылған команда құрылды. Олардың міндеті — мердігерлердің еңбек жағдайларын қоса алғанда, «КАТКО» және «Орано» стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету.



“Деректерді нақты уақытта жинау және талдау «КАТКО» қызметкерлеріне далалық жағдайларда оңтайлы шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді. Жергілікті адамдар – біздің басты артықшылығымыз.

Матье Риу,
Бас инженер

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



АДАМДАР ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

«КАТКО» кадрлық стратегиясы жергілікті жұмыспен қамту, кәсіби өсу және тең мүмкіндіктер басымдықтарына негізделген. Компания корпоративтік мәдениетті және ашық мансаптық дамуды қолдайтын бәсекелестік жағдайларды қамтамасыз ете отырып, білікті мамандарды тартуға және ұстап тұруға ұмтылады.

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

«КАТКО» барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз, инклюзивті және әділ жұмыс ортасын құруға бейім. Компанияның кадр саясаты халықаралық еңбек стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қатысушылардың операциялық тәжірибесіне сәйкес келеді.

Компания жұмысқа қабылдау, жоғарылату, оқыту және жеңілдіктер беру кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Қызметкерлердің көпшілігін құрайтын жергілікті қызметкерлерді, сондай-ақ әйелдерді, жұмысшы кәсіптер мен халықтың осал топтары өкілдерін қолдауға ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл міндеттемелер қызметкерлердің өкілдерімен бірге әрбір үш жыл сайын қайта жасалатын және тоқсан сайын қаралатын ұжымдық шартта бекітілген. Компания қызметкерлердің әл-ауқаты мен қатыстырылуын нығайту жөніндегі тұрақты кездесулер мен мақсатты бағдарламалар арқылы кері байланысты қолдайды.

Оқыту персоналды дамытуға «КАТКО-ның» жүйелі тәсілінің бір бөлігі болып табылады. Басшылар «Орано» көшбасшылық және техникалық курстарын, сондай-ақ халықаралық бизнес-мектептер өткізетін Change Maker сияқты бағдарламаларды қоса алғанда, кәсіби өсу бағдарламаларынан өтуге міндетті. Ағымдағы жұмыс үшін тәжірибелік дағдыларға және болашақ рөлдер мен жауапкершілікке дайындыққа аса назар аударылады.

МАҚСАТТАР

«КАТКО» әділдік, ашықтық және тең мүмкіндіктер негізінде топтасқан ұжым құра отырып, өңірдегі бірінші таңдаудың жұмыс берушісі болуға ұмтылады. Компания әлеуметтік және құқық қорғау қағидаттарын өз қызметіне біріктіреді, қызметкерлермен және мүдделі тараптардың өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта нақты саясаттар, бәсекеге қабілетті еңбек жағдайлары және инклюзивті тәжірибелер арқылы білікті кадрларды тартуды, ұстап қалуды және дамытуды қамтамасыз етеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Адам құқықтары саласындағы «КАТКО» күн тәртібі халықаралық танылған стандарттарға негізделген. Компания ICMM қағидаттарын, БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттарын, сондай-ақ Қауіпсіздік және адам құқықтары саласындағы ерікті қағидаттарды ұстанады.

Бұл міндеттемелер «Орано» және «Қазатомөнеркәсіп» Әдеп кодекстеріне, БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа нөлдік төзімділік саясатына сүйенетін Заңнаманы сақтау жөніндегі бірыңғай саясатта (комплаенс саясаты) бекітілген.

Олардың орындалуын бақылау нақты басқару және тұрақты қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын Бас директор әдеп нормаларын сақтау туралы хабарлама шығарады, ал Әдеп кодексі ішкі порталда қызметкерлерге, сыртқы мүдделі тараптарға «Орано» сайтында және шарттар үлгілерінде қолжетімді.

Әдеп бойынша міндетті онлайн-курстар персоналды жыл сайынғы аттестаттауға кіреді. Еңбек құқықтары және кемсітушілікке жол бермеу бойынша нысаналы оқыту жыл сайын жаңартылып тұрады.

Жүйе бұзушылықтар туралы ақпараттандыру тетігімен (бастамашылық ақпараттандыру), шағымдарды қарау процесімен және тәуекелдерді тұрақты бағалаумен нығайтылған. Бұдан басқа, Компанияның қызметін жыл сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті тексереді.

СЫЙАҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Еңбекақы төлеу саласындағы «КАТКО» саясаты әділдік, ашықтық және нарыққа сәйкестік қағидаттарына негізделген. Инфляцияны ескеретін бәсекелік жалақылар мен сыйлықақылардан басқа, қызметкерлерге міндетті әлеуметтік жеңілдіктер, оның ішінде медициналық сақтандыру, зейнетақы жарналары және ақылы демалыс беріледі.

Ұжымдық шартта да ерікті медициналық сақтандыру, бала күтімі бойынша демалыс, зейнеткерлікке шыққан кезде бір жолғы төлемдер және басқа да жәрдемақылар көзделген. Қосымша өтемақылар үстеме жұмыс, кезекшілік және мереке күндері үшін беріледі.

ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІН ТАҢУ

Компания дамуды анықтау, мансапты жоспарлау (оның ішінде алмастыру және халықаралық ұтқырлық) және жоғарылатуға үміткерлерді анықтау үшін қызметкерлердің тиімділігіне тұрақты бағалау жүргізеді. Қызметкерлердің нәтижелері мен жетістіктері дарындарды тану және ұстау мәдениетін қалыптастыра отырып, ішкі және сыртқы марапаттармен атап өтіледі.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫ ҰСТАУ

«КАТКО» жақын жердегі елді мекендер тұрғындарын жалдауға басымдық бере отырып, жергілікті тамыры бар тұрақты ұжым қалыптастырады. Компания өндірістің сабақтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кадрлардың тұрақтамауын төмендетуге ұмтылады.

ИНКЛЮЗИЯ ЖӘНЕ ТЕҢДІК

Компания кемсітушілік пен қудалауға нөлдік төзімділікті ұстанады. Тең мүмкіндіктер барлық кезеңдерде – жалдаудан бастап ілгерілетуге, жеңілдіктер мен оқытуға дейін қамтамасыз етіледі. Әйелдердің, жұмысшы кәсіптер мен осал топтар өкілдерінің қатысуын кеңейтуге ерекше көңіл бөлінеді.

ДАҒДЫЛАР МЕН МАНСАПТЫ ДАМУ

Компанияның басымдығы – мансаптық өсуін қолдау үшін жұмысшы кәсіптер қызметкерлерін техникалық және басқарушылық дағдыларға үйрету. 2024 жылы тиімділік пен ішкі ұтқырлықты басқаруды нығайтатын көшбасшылықтың жаңа үлгісі енгізілді. Басшы және техникалық лауазымдардағы әйелдердің санын арттыру түйінді міндет болып қала береді.

ҚАТЫСТЫРУ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

Қызметкерлердің қанағаттануына қолдау кері байланыстың ашық арналары, оның ішінде персонал өкілдерімен тоқсан сайынғы кездесулер арқылы көрсетіледі. Дене денсаулығы, фитнес және ерікті сақтандыру бағдарламалары барлық қызметкерлерге қолжетімді және «КАТКО» ұжымдық шарты шеңберінде жүйелі түрде қайта қаралып тұрады.



ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

«КАТКО» 1 300 қызметкерді ұзақ мерзімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Персоналдың 60%-ға жуығы Компанияда 10 жылдан астам уақыт жұмыс істейді, ал ерікті тұрақтамаушылық төмен болып қалып отыр – жылына 7%.

Толығырақ 61-беттен қараңыз


Бас директор әлеуметтік тұрақтылықты стратегиялық басымдық ретінде айқындады. «КАТКО» персоналдың тұрақтамауын барынша азайтуға ұмтылады, тұрақтылықты қолдау және кадрларды іріктеу шығындарын төмендету үшін бұл көрсеткішті 6%-дан төмен ұстап тұруды мақсат етіп қояды.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

ЖЕРГІЛІКТІ ПЕРСОНАЛДЫ ЖАЛДАУ

«КАТКО» өз қызметкерлерінің 99%-ы Қазақстан азаматтары екенін мақтан тұтады, олардың шамамен 70%-ы Түркістан облысында тұрады, соның ішінде 80-90%-ы бұрғылау бригадаларында. Бұл ретте Компания жақын жердегі кенттер мен қалалардан рекрутингке басымдық береді.


Қызметкерлердің жалпы саны, 2024



Жергілікті жерде жалдауға бейілділік

«КАТКО» 70% жергілікті қызметкерлерден тұратын персоналдың құрылымын сақтайды, бұл ретте негізгі назар Түркістан облысынан мамандарды жалдауға аударылады. Бұрғылаушылардың командалары 80-90%-ға жергілікті кадрлармен жасақталған.

Қызметкерлердің шығу тегі: Түркістан облысы



СЫЙАҚЫЛАР

«КАТКО» Қазақстанның еңбек заңнамасына және Қатысушылардың талаптарына сәйкес келетін сыйақының құрылымдалған және ашық саясатын қолданады. 2024 жылғы Ұжымдық шарт қосымша қаржылық ынталандырулар мен демалыс төлемдерін енгізді. Бұдан басқа, жыл сайынғы демалыс үшін өтемақы ұлғайтылды.

Балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерге арналған жаңа жәрдемақылар, оның ішінде балаларды мектепке дайындауға арналған бір жолғы төлем, бала туғанда және неке құрғанда берілетін жәрдемақылар, сондай-ақ жақындарынан айырылған жағдайда кеңейтілген материалдық қолдау енгізілді.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯ


2024 жылы «КАТКО» оқытуға 419,7 млн теңге инвестициялады, оның 70%-ы өз қызметкерлеріне, ал 30%-ы 122 әлеуметтік осал топтың өкілдерін, қызметкерлердің балаларын және техникалық ЖОО студенттеріне бағытталған.

«Жұмысшы кәсіптер жылы» бастамасы аясында 100 жұмысшы кәсіптер қызметкері көшбасшылық тренингтерден өтті.

Ұсынылған оқытудың жалпы көлемінің 56%-ы кәсіптік дамытуға, 23%-ы – міндетті курстарға, 8%-ы – тәртіптік дағдыларға, 13%-ы – тілдерді оқуға тоғыстырылған.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

Түрлер бойынша оқыту



ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ

«КАТКО» жұмыс нәтижелерін жалақыны қайта қараумен және мансаптық дамумен байланыстыратын тиімділікті бағалау жүйесін қолдайды. Барлық қызметкерлер формалды аттестаттаудан өтеді, олардың нәтижелері еңбекақыны көтеру және жылдық бонустарды алу құқығын айқындау туралы шешім қабылдау кезінде ескеріледі. Жалақыны жыл сайын көтеру жеке бағалау негізінде жүзеге асырылады, ал 2024 жылғы сәуірден бастап өндірістік көрсеткіштерге байланыстырылған сыйлықақы берудің жаңа жүйесі енгізілді.

Бағалау процесі дамудағы қажеттіліктерді анықтауға, жұмыс нәтижелерін Компанияның мақсаттарымен келісуге және кадрлардың сабақтастығын жоспарлауды қолдауға көмектеседі. Ол сондай-ақ қызметкерлердің ішкі тағайындауларына және халықаралық ұтқырлығына ықпал етеді. Бұл құрылымдалған және ашық жүйе әрбір қызметкердің үлесін әділ тануды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді операциялық басымдықтарды қолдайды.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2024 жылы әйелдер «КАТКО» қызметкерлерінің 14%-ын құрады. Компания Моңғолияда өткізілген әйелдер көшбасшылығын дамыту бағдарламасына қатысуды қоса алғанда, олардың техникалық және басшылық лауазымдарындағы рөлін арттыру жөніндегі күш-жігерін жалғастырды.

Компания кемсітушілік пен қудалаудың алдын алуға бағытталған саясатты ұстанады және осал топтардың өкілдерін қоса алғанда, барлық қызметкерлер

үшін мансаптық мүмкіндіктерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қағидаттар сексуалдық қудалау мен сексизм көріністерін болдырмау жөніндегі оқыту бағдарламаларымен бекітіледі.

«КАТКО» мәжбүрлі және балалар еңбегіне, сондай-ақ кемсітудің кез келген түріне тыйым салатын саясатты іске асыра отырып, адам құқықтарын қорғау қағидаттарын сақтайды. Бұл міндеттемелер 2024 жылы жаңартылған ұжымдық шартта бекітілген. Қызметкерлер өкілдерімен тұрақты тоқсандық кездесулер әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Толығырақ 61-беттен қараңыз

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР

«КАТКО» қызметкерлердің қаржылық, медициналық және жеке әл-ауқатын қолдауға бағытталған жеңілдіктердің кең ауқымын ұсынады. Бұл жеңілдіктер Компанияның ұжымдық шартында бекітілген, тұрақты және уақытша персоналға тең дәрежеде қолданылады.

2024 жылы «КАТКО» ерікті медициналық сақтандыруды жеткізушіні ауыстырып, қызметкерлерді медициналық қызметтермен қамтуды кеңейтті. Жаңартылған жоспар педиатриялық көмекке, созылмалы ауруларды емдеуге, физиотерапияға, стоматологиялық және шипажайлық-курорттық емдеуге қолжетімділікті қамтиды.

Шығындарды өтеу лимиттері стоматология және дәрі-дәрмек баптары бойынша 33,3%-ға, сондай-ақ аккредиттелген шипажайларда медициналық тағайындалған оңалту бойынша 44,4%-ға ұлғайтылды. Сондай-ақ өндірістік алаңдарда тұру жағдайлары жақсарды (45-бетті қараңыз).



16 адам

2024 жылы бала күтімі бойынша демалыста болған қызметкерлердің саны



15 күнтізбелік күндер

Еңбек жағдайларының өзгергені туралы хабарлаудың ең аз мерзімі: егер еңбек немесе ұжымдық шартта өзгеше көзделмесе.

Жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер пакеті

Санат	Жеңілдік
Медициналық қызмет көрсету	1. Қазақстанның заңнамасына сәйкес барлық қызметкерлер үшін жұмыс беруші төлейтін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру. 2. Қызметкерді және отбасының екі мүшесіне дейін қамтитын медициналық провайдермен шарт (тек тұрақты қызметкерлер үшін).
Мүгедектігі бойынша қамту	Еңбек қатынастары тоқтатылған кезде ұжымдық шартқа сәйкес мүгедектігі бойынша қысқа мерзімді төлемдер. Еңбек қатынастары тоқтатылған кезде ұжымдық шартқа сәйкес мүгедектігі бойынша ұзақ мерзімді төлемдер.
Бала күтімі бойынша демалыс	Жұмыс орны мен өтілі Қазақстанның Еңбек кодексіне сәйкес, бала үш жасқа толғанға дейін сақталады.
Зейнетақымен қамсыздандыру	1. Міндетті зейнетақы жарналары: жалақының 10%-ын қызметкер төлейді және қосымша 5%-ды жұмыс беруші зиянды жағдайларда жұмыс істейтіндер үшін төлейді. 2. Еңбек қатынастары тоқтатылған кезде жұмыс өтіліне байланысты ұжымдық шартқа сәйкес біржолғы төлемдер.
Демалыс	Қазақстанның Еңбек кодексінің нормаларына қосымша, вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ақылы демалыстың екі қосымша күні және бес күндік кестемен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін – алты күні.
Балаларға білім беру	Қызметкердің сұрауы бойынша компания жалақысынан ұстап қалумен балаларға білім беруге қаражат бөле алады.
Ұжымдық шарт	Еңбек сіңірген жылдары үшін төлемдер және бала туғанда, қайтыс болу және некеге тұру кезіндегі материалдық көмек. Астанада жұмыс істейтін қызметкерлер үшін тамақтану үшін өтемақы.

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Адамдар бірінші кезекте

2024 жылы «КАТКО» қызметкерлердің әл-ауқатына басымдық бере отырып, мұны кадрларды ұстау мен өнімділікті арттырудың негізгі міндеті және маңызды факторы ретінде қарастырды жалғастырды. Жылдың басты оқиғаларының бірі КӘЖ саясатының негізгі құралын және әлеуметтік диалогты орнату жөніндегі күш-жігерді – ұжымдық шартты жаңарту болды.

Қызметкерлер өкілдерімен ресми келіссөздер барысында әр үш жыл сайын қайта қаралатын және тоқсан сайын жаңартылатын бұл шарт негізгі еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктерді бекітеді. 2024 жылғы нұсқада қаржылық төлемдер ұлғайтылып, жаңа қолдау шаралары енгізіліп, икемділігі артты. Медициналық сақтандырудағы, тұрудағы және қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігіндегі өзгерістерді қоса алғанда, өндірістік алаңдар

мен бас кеңседе қызметкерлер үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

«КАТКО-да» 1 300 адам жұмыс істейді, олардың 70%-ға жуығы – Түркістан облысының тұрғындары. Кадрлардың жыл сайынғы тұрақтамауы төмен болып қалып отыр – 7%. Қызметкерлердің кері байланысына жауап ретінде, оның ішінде ішкі сауалнама нәтижелері бойынша компания бірқатар кадрлық рәсімдерді жеңілдетті және қызметкерлердің әл-ауқатын нығайту бойынша жаңа шараларды енгізді. Ерікті медициналық сақтандыру жақсартылды, бұл ретте жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімге ықпал ететін фитнес-бағдарламалар сақталды.

«КАТКО» сондай-ақ кәсіби дамытуға инвестицияларды ұлғайтты. Қазақстанда жарияланған «Білікті қызметкер жылы» аясында 100

жұмысшы техникалық және жеке тұлғалық дағдыларға оқытудан өтті. Басқарушылық құзыреттілік пен мансаптық өсуді дамытуға бағытталған көшбасшылықтың жаңа үлгілері енгізілді. 2024 жылы Компания әйелдердің көшбасшылық бағдарламасын және бірлескен кәсіпорындар шеңберіндегі қосымша бастамаларды қоса алғанда, оқытуға 349 млн теңге бағыттады.

Осал отбасыларды қолдау кеңейтілді – балалардың жоғары біліміне ақы төлеуге қаржылай көмек ұлғайтылды. Бұл шара «КАТКО» қызметкерлеріне ғана емес, серіктес кәсіпорындар мен жергілікті қоғамдастық мүшелеріне де қолданылды. 2024 жылы әкелерге бала күтімі бойынша демалыс енгізілді, ал бала туғанда және некені тіркегенде төленетін төлемдер 33%-ға ұлғайтылды.



” Компания басшылығы еңбек жағдайын жақсарту жолдарын талқылау үшін жылына төрт рет жұмыскерлер өкілдерімен кездеседі.

Әлия Ербаева, Адам ресурстары бойынша директор



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Вахтада тұру жағдайларын жетілдіру

«КАТКО» сенімді және жайлы өмір сүру жағдайлары Қазақстанның алыстағы уран кен орындарында қауіпсіздік пен өндірістік тиімділіктің негізі екенін мойындайды. 2024 жылы Компания қолданыстағы алаңдарда, сондай-ақ Оңтүстік Төртқұдық зауытының құрылысында жұмыс істейтін қызметкерлер мен мердігерлерге арналған базалық лагерлердің инфрақұрылымын жаңғыртуудың көп кезеңді бағдарламасын іске асыруды жеделдетті.

«Шаңырақ» базасында он жаңа модульдік бунгало пайдалануға берілді, бұл лагердің сыйымдылығын 40 жатын орынға арттырды. Сонымен қатар жылыту, салқындату және желдету жүйесі бар, жыл бойы пайдалануды қамтамасыз ететін толық жабдық көп функциялық спорт кешені ашылды. Бұл объектілер осында тұратын адамдарға футболмен, баскетболмен және фитнеспен айналысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, негізгі тұрмыстық керек-жарақтар жақсартылды. Асханалар энергиялық тиімді техникамен жабдықталды, кір

жуу орындарының мүмкіндіктері заманауи кір жуғыш және кептіру машиналары есебінен кеңейтілді, ал Wi-Fi қамтуы енді барлық тұрғын үй блоктарында қолжетімді. Осындай жақсартулар «Төртқұдық» алаңында орындалды, мұндағы 485 бөлмеге және 211 бөлмеге шамаланған «Мойынқұм» базасында жабдық футбол және баскетбол алаңдары қосылды. Оңтүстік Төртқұдық құрылыс алаңында ұңғымалардың жанында 60 адамға дейін қызмет көрсететін далалық асхана жабдықталған, бұл жолға кететін уақытты қысқартуға және санитариялық стандарттарды арттыруға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні әрбір база халықаралық үздік тәжірибелерге сәйкес келетін толық қызметтер кешенін ұсынады – асхана, кір жуатын орын, демалыс аймақтары, кинозал, кітапхана, музыка бөлмесі, 4G интернет және медициналық көмек.

«КАТКО» сондай-ақ еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік саясаттарға сәйкес мердігерлердің лагерлерінде тұру жағдайларының бірыңғай

стандарттарын енгізді. Бұл талаптар негізгі аспектілерді – орналастыру тығыздығын, санитарлық нормаларды, өртке қарсы қауіпсіздікті және қалдықтарды қолдануды қамтиды. Барлық мердігерлер енді құрылымдалған рейтингтік жүйе мен тұрақты инспекциялар бойынша бағалаудан өтеді. Компания анықталған сәйкессіздіктерді жою және қажетті жақсартуларды жүргізу үшін олармен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Басты мақсат – барлық қызметкерлер жұмыс берушіге тәуелсіз бірдей жайлы, қауіпсіз, әл-ауқат пен тұрақты жұмысқа септігін тигізетін жағдайларда тұруын қамтамасыз ету.

Шөлдің қиын жағдайларында жайлылықты қолдай отырып, «КАТКО» персоналды қорғайды, серіктестікті нығайтады және жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді төмендетеді.



” Біздің жаңа жақсартуларымыз лагерлерді қарапайым баспанадан әл-ауқат, ынталылық және қауіпсіздік бағаланатын толыққанды қоғамдастыққа айналдырады.

Ақбота Қожабаева, Тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін басқару қызметінің бастығы

БІЗДІҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

ЖАУАПТЫ ЖАБДЫҚТАУ АРҚЫЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАСАУ

Сатып алу саласындағы «КАТКО» стратегиясы еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау стандарттарын қатаң сақтай отырып, жергілікті экономикаға үлесті барынша арттыруға бағытталған. Компания қазақстандық жеткізушілер мен мердігерлерге басымдық бере отырып, жеткізулерді жергіліктендіруді белсенді дамытады және тұрақты дамудың ұлттық мақсаттарына сәйкес олардың әлеуетінің ұзақ мерзімді өсуіне жәрдемдеседі.

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

Сатып алу және мердігерлермен жұмыс саласындағы «КАТКО» саясаты оның жауапты жабдықтауға және Қазақстан экономикасын дамытуға бейілділігін көрсетеді. Компания Түркістан облысы мен Созақ ауданының кәсіпорындарымен тұрақты серіктестік қарым-қатынастарын орната отырып, отандық жеткізушілердің өсуін қолдайды.

Барлық жеткізушілер еңбек қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды және әлеуметтік жауапкершілікті қамтитын, мердігерлерге арналған HSE «алтын қағидаларын» сақтауды қоса алғанда, «КАТКО» сапа және комплаенс стандарттарына сәйкес келуге міндетті. Жергілікті серіктестер үздіксіз жетілдіруге ынталандырылады және тұрақты аудиттен өтіп тұрады.

Компанияның тәсілі ұлттық заңнамаға, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа және «Орано» жауапты сатып алу қағидаларына негізделеді. «КАТКО» операциялық тиімділікті шығыстарды оқшаулау және өңірлік іскерлік экожүйені нығайту жөніндегі күш-жігермен үйлестіреді. Компания сондай-ақ мердігерлерден жобалардың барлық кезеңдерінде еңбекті қорғау, экология және әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын сақтауды талап ете отырып, тиісті сақтық (duty of vigilance) қағидаларын қолданады.

МАҚСАТТАР

«КАТКО» қазақстандық жеткізушілерге, әсіресе өңірлік кәсіпорындарға басымдық бере отырып, сатып алуды жергіліктендіру бойынша белгіленген міндеттемелерді орындауға және асырып жіберуге ұмтылады. Компания өз мердігерлерінің желісі арқылы жергілікті жұмыспен қамтуды және кәсіби дағдыларды дамытуға үлес қосады.

«КАТКО» жеткізушілерін бағалау құны, сапасы, сенімділігі және талаптарға сәйкестігі критерийлері бойынша жүргізіледі, бұл ретте ұзақ мерзімді серіктестікке баса назар аударылады. Компания озық тәжірибемен бөлісіп, техникалық көмек көрсетіп және өңірде тұрақты қатысуы бар кәсіпорындармен ынтымақтаса отырып, жергілікті жеткізушілердің дамуын қолдайды.

HSE БАҚЫЛАУ


Барлық мердігерлік ұйымдар еңбекті қорғау, оқыс оқиғалардың алдын алу және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі «алтын қағидаларды» қоса алғанда, HSE «КАТКО» стандарттарын сақтауға міндетті. HSE көрсеткіштерінің тиімділігі келісімшарттарды жасасу және ұзарту кезіндегі негізгі критерий болып табылады. Компания барлық жеткізу тізбегі бойынша жауапкершілік пен қауіпсіздіктің бірыңғай мәдениетін қалыптастыра отырып, өзінің де, мердігерлік те – барлық қызметкерлерге бірдей қауіпсіздік стандарттарын қолданады.

САТЫП АЛУДЫ ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ

«КАТКО» жергілікті қосылған құнды барынша құру үшін басым түрде қазақстандық жеткізушілерді пайдаланады. Компания өңірлік серіктестермен ұзақ мерзімді коммерциялық қатынастарды дамыта отырып, келісімшартта белгіленген шекті жергіліктендіру мәндерін орындауға және асырып жіберуге ұмтылады. Сатып алулардың ашық рәсімдерінің және мердігерлермен, жүйелі өзара іс-қимылдың арқасында «КАТКО» жергілікті бизнестің өсуіне және оның өз жеткізу тізбегіне бірігуіне жәрдемдеседі.

Толығырақ 61-беттен қараңыз 

Жергілікті қамту үлесі, %



ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

«КАТКО» жергілікті жеткізушілерге операциялық және комплаенс талаптарға сәйкес келуіне көмектесе отырып, оларға мақсатты қолдау көрсетеді. Бұл жұмыс техникалық көмекті, қызмет нәтижелері бойынша кері байланысты және бірлескен жақсарту жоспарларын қамтиды. Мақсат – өндірістік циклдің барлық сатыларында сапалы тауарлар мен қызметтерді жеткізу үшін қазақстандық кәсіпорындардың мүмкіндіктерін нығайту.

САТЫП АЛУ ЭТИКАСЫ

Барлық жеткізушілер «КАТКО-ның» әдептік, құқықтық және экологиялық қағидаттарын сақтауға міндетті. Компания қатаң сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолданады, шарттық міндеттемелердің орындалуын және жеткізу тізбегінде адам құқықтарының сақталуын бақылайды.

«КАТКО» сондай-ақ тиісті сақтық қағидаттарын енгізе отырып және қауіпсіздік, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік деңгейін ұдайы арттыру мәдениетін қалыптастыра отырып, жеткізушілерді бақылау жүйесін жетілдіруді жалғастыруда.

ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАНЫ ҚОЛДАУ


Жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес, «КАТКО» кемінде тауарлардың 40%-ын және жұмыстар мен қызметтердің 80%-ын қазақстандық жеткізушілерден сатып алуға міндетті. Компания отандық өндірістің тауарлары мен қызметтеріне басымдық бере отырып, осы міндетті минимумдарды асырып орындауға ұмтылады.

Жекелеген шарасыз импорттық позицияларға қарамастан, 2024 жылы сатып алулардың 97%-ы қазақстандық жеткізушілерден, оның ішінде 28%-ы Түркістан облысынан жүзеге асырылды. Бұл Компанияның әділ және орнықты сатып алу қағидаттарына адалдығын растайды. Түркістан облысының және Созақ ауданының кәсіпорындарымен серіктестікті кеңейте отырып, «КАТКО» жергілікті экономиканы дамытуға тікелей инвестиция салады, бизнестің өсуін ынталандырады және қоғамдастықтардың әл-ауқатын жақсартады.

2024 жылы компания жалпы сомасы 123 млрд теңгеге 803 қазақстандық жеткізушімен келісімшарт жасасты. Сатып алулар тауарлардың кең ауқымын қамтыды: қышқыл, аммиак, бензин, кабелдер, цемент, жуғыш заттар, дизельдік отын, электр энергиясы, генераторлар, зертханалық жабдықтар, құбырлар, қорғаныс құралдары және жабдықтарға арналған қосалқы бөлшектер. Қызметтердің ішінде – кейтеринг, тұру, жабдықтар мен көлікті жөндеу, оқыту, аударма, логистика және медициналық қызмет көрсету.

«КАТКО-ның» Қазақстан экономикасына қосқан жиынтық тікелей үлесі 2024 жылы 125,9 млрд теңгені немесе сатып алулардың жалпы көлемінің 97%-ын құрады. Оның 35,9 млрд теңгесі (28,5%) Түркістан облысына, қалған бөлігі еліміздің басқа өңірлеріне тиесілі.

Мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдер, KZT млрд



ЖЕРГІЛІКТІ ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

Халықаралық технологиялар мен жабдықтар жеткізушілерімен ынтымақтастықта «КАТКО» отандық құрастыруды және негізгі компоненттер өндірісін дамытуға ұмтылады. Жергіліктендіру көліктік шығындар мен көміртегі шығарындыларын қысқартуға, сондай-ақ жергілікті қамту үлесіне Компанияның жоғары талаптарына сай келетін отандық өндіріс өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.

«КАТКО» стратегиясы Қазақстанның құны бойынша бәсекеге қабілетті және білікті жұмыс күшіне, сондай-ақ елдің тиімді еуразиялық жағдайына сүйенеді. Компания бір мезгілде өзінің жеткізу тізбегінің тұрақтылығын нығайта отырып, өңірлік кәсіпорындар арасында жаңа өндірістік құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Есепті кезеңде «КАТКО» ел ішінде қосылған құнды дамыту мақсатында жоспарлау кезеңінен халықаралық өнеркәсіптік әріптестерді тарту жөніндегі бастаманы іс жүзінде іске асыруға көшті.

Жабдықтау қызметінің басқаруымен 2024 жылдың шілдесінде «Орано» қолдауымен іске асырылатын жергіліктендіру жөніндегі мамандандырылған жоба жасалды. Команда техникалық және қаржылық параметрлерді, құнның негізгі драйверлері мен енгізудің жол картасын анықтап, жобаны құрылымдау кезеңін аяқтады.

Қол жеткізілген нәтижелер Қазақстанның уран саласының жеткізу тізбегінде орнықты және жоғары технологиялық өндірісті қалыптастырудың нақты қадамдарын көрсетеді.

ТИІСТІ САҚТЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

2024 жылы «Орано» Тиісті сақтық жоспары шеңберінде (Duty of Vigilance Plan) «КАТКО» командалары «Орано

Майнинг» қолдауымен өндірістік алаңдарда жұмыс істейтін бірқатар мердігерлердің қызметіне шолу жүргізді. Компанияның бірнеше бөлімшелерінің ішкі мамандары тиісті сақтық саясатының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау, экология және адам құқықтары саласындағы тәуекелдерге бағытталған бағалау сауалнамасын әзірледі.

Бағалаудың бірінші кезеңі «КАТКО» және «Орано Майнинг» ішкі бақылау мен жабдықтау командаларының қатысуымен жергілікті түрде өткізілді. Процесте сондай-ақ кәсіпорындардың басшыларымен және қызметкерлерімен тиісті сақтық және оны Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері бойынша еуропалық заңнамадағы соңғы өзгерістер талқыланды. Тексеру нәтижелері оң болды – жеткізушілер арасында елеулі тәуекелдер анықталған жоқ. Компанияның барлық жеткізу тізбегі бойынша алдын ала және сенімді қадағалауды қамтамасыз ете отырып, мердігерлерді бақылау жүйесін жетілдіруді жалғастыруға ниеті бар.

«КАТКО» өз қызметкерлеріне қолданатын HSE стандарттарын мердігерлерге қолданады

«КАТКО» қазақстандық жеткізушілерден тауарлардың кемінде 40%-ын және жұмыстар мен қызметтердің кемінде 80%-ын сатып алуға міндетті



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛДАР

Тиісті сақтық қағидаттары әрекет етуде

«КАТКО» тиісті сақтық қағидаттарына сәйкес мердігерлік ұйымдарға бақылау жетілдіруді жалғастыруда. Компанияның мақсаты – жұмыспен қамту нысанына қарамастан, барлық бөлімшелерде персоналдың қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жоғары стандарттарын қолдау. Есепті кезеңде мердігерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған бірнеше шаралар іске асырылды. Бұл қадамдар тәуекелдерді азайту және талаптарды сақтаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі неғұрлым кең стратегияның бір бөлігі болып табылады.

Жұмыстың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін арттыру үшін 2022 жылдан бастап «КАТКО» бұрғылаушы мердігерлердің қызметтеріне ақы төлеуді үш есе ұлғайтты. Бұл қаражаттың бір бөлігі тұрмыстық жағдайларды жақсартуға және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын нарықтық көрсеткіштер деңгейіне дейін арттыруға бағытталды. Бұл бұрын қауіпсіздік үшін ықтимал қауіп факторы ретінде қаралған үстеме сағаттардың үлесін қысқартуға мүмкіндік берді. Осы шаралар енгізілгеннен кейін бұрғылаушы

мердігерлер арасындағы кадрлардың тұрақтамауы айтарлықтай төмендеді.

Бұдан басқа, 2024 жылдың желтоқсанында Компания жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында мердігерлердің автокөліктерін тәуелсіз тексеру бағдарламасын енгізді. Ескірген техниканы қоса алғанда, барлық автомобильдер енді тежегіштердің, қауіпсіздік белдіктерінің және басқа да маңызды жүйелердің жай-күйін тоқсан сайын тексеруден өтеді. Тексеруден өтпеген көлік құралдары бұзушылықтар жойылғанға дейін пайдаланудан шеттетіледі.



“ Біз мердігерлерге жоғары талаптар қоямыз және серіктес ретінде олардың осы күтулерімізге сай келуге көмектесуді өзіміздің міндетіміз деп есептейміз.

*Нұртай Нұржанов,
Бас инженердің орынбасары*

Өсіп келе жатқан жергілікті серіктесті тәуелсіз тексеру

Есепті кезеңде «КАТКО» қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі өзінің мердігері – «Artukov Group» кәсіпорнының HSE талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізді.

Компания осы шымкенттік ШОБ кәсіпорнымен 2007 жылдан бері ынтымақтасып келеді: содан бері ол төрт қызметкерден 35 адамнан тұратын командаға дейін өсіп, қызмет көрсету ауқымын едәуір кеңейтті.

2024 жылы «КАТКО» мамандары жүргізген тексеруге «Artukov» жеке объектілерінің және ол ынтымақтасатын қағаз бен пластикті өңдейтін мамандандырылған кәсіпорындардың аудиті, сондай-

ақ тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылатын муниципалдық полигонды тексеру кірді.

Аудит қағазды қайта өңдеу зауыты күн сайын 60 тоннаға жуық макулатураны қаптама орамына айналдырып өңдейтінін, ал пластик қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорны тәулігіне 7-8 тонна қалдықты құбыр шығару үшін пайдаланылатын ЖТПЭ түйіршіктеріне айналдыратынын растады.

Екі өндірістің де қолданыстағы экологиялық рұқсаттары бар, ISO стандарттарына сәйкес келетін еңбекті қорғау жүйелерін қолдайды және соңғы үш жыл ішінде оларда жазатайым оқиғалар тіркелген емес.

Қалған, өңделмейтін қалдықтар қазақстандық нормаларға қатаң сәйкестікпен, «КАТКО» объектілерінен 300 км қашықтықта орналасқан мемлекеттік полигонға лицензияланған бағыттар бойынша шығарылады.

Серпінді дамып келе жатқан отандық кәсіпорынмен серіктестік және оның қызметін тұрақты түрде тәуелсіз тексеру Компанияға экологиялық ізін төмендетуге, жеткізу тізбегінің орнықтылығын нығайтуға және Қазақстан оңтүстігінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.



“ Біздің «Artukov Group»-пен ұзақ мерзімді ынтымақтастығымыз қазақстандық ШОБ-ты қолдау жеткізу тізбегінің орнықтылығын қалай нығайтатынын және елеулі әлеуметтік-экономикалық құндылық қалыптастыратынын көрсетеді.

*Әлинұр Мұқатаев,
Жеткізу тізбектерін басқару жөніндегі директор*

БІЗДІҢ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

ОРТАҚ ӘЛ-АУҚАТҚА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕР

Қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы «КАТКО» стратегиясы Созақ ауданы мен Түркістан облысының стейкхолдерлерімен ұзақ мерзімді, құрылымдалған серіктестік қатынастарға негізделген. Компания ұлттық басымдықтарға сәйкес, тұрақты өңірлік дамуға жәрдемдесуге ұмтыла отырып, денсаулық сақтау, білім беру, энергетика және сумен жабдықтау салаларында әлеуметтік тиімділігі жоғары жобаларды іске асырады.

САЯСАТ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР

САЯСАТ

«КАТКО» жауапты инвестициялар, жүйелі өзара іс-қимыл және ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы жергілікті қоғамдастықтардың тұрақты дамуына жәрдемдеседі. Халықпен жұмыс Компанияның ESG-стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады, ICMM қағидаттарына және ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес келеді.

Компания жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен кеңесумен іске асырылатын ұзақ мерзімді қоғамдық тиімділігі бар жобаларға басымдық береді. Негізгі бағыттарға денсаулық сақтау, білім беру, су және энергетика инфрақұрылымы кіреді. Жоспарлау мен бюджеттеу келісілген бағдарлама шеңберінде жыл сайын жүзеге асырылады, ал барлық инвестициялар талаптардың сақталуы, тиімділігі мен ашықтығы тұрғысынан мониторингтен өтеді.

Бастамаларды іске асыру мүдделі тараптармен тұрақты кездесулермен, көшпелі тексерулермен, жобаларды бағалаумен және ағартушылық қызметпен сүйемелденеді. Барлық іс-шаралар құжатталады, ал нәтижелері көпшілікке жария етіледі, бұл есеп берушілік пен сенімді қамтамасыз етеді.

МАҚСАТТАР

«КАТКО» ұзақ мерзімді инфрақұрылым мен өмірлік маңызды қызметтерге инвестициялар салу арқылы Созақ ауданының тұрақты дамуын қолдайды. Компания өзі неғұрлым сұранысқа ие жерде тұрақты оң әсерді қамтамасыз ету үшін өзінің әлеуметтік салымдарын ұлттық және өңірлік даму стратегияларына сәйкес бағыттайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

«КАТКО-ның» қоғамдастықтарды дамыту тәсілі тікелей көмек көрсету шеңберінен шығып, жергілікті ұйымдардың институционалдық және кәсіби қабілетін нығайтуға барынша шоғырланған. Қолдау жабдықтар беруді, оқытуды және техникалық көмекті қамтиды. Құзыреттерді дамытуға арналған әлеуметтік шығыстардың 20%-ын бағыттауды көздейтін білім беру саласындағы «Орано Майнинг» стратегиясына сәйкес, Компания біліктілікті арттыруға және білім беруге ықпал ететін жобаларға басым назар аударады. «КАТКО» жергілікті серіктестермен бірлесіп инвестициялардың тұрақтылығын және қоғамдық қызметтердің ұзақ мерзімді жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Әлеуметтік инвестицияларды жоспарлау өңірлік билік органдары өкілдерінің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бірлескен жұмыс топтары пішімінде жыл сайын жүзеге асырылады. Мұндай тартымды тәсіл қаржыландыру туралы шешімдерді халықтың нақты қажеттіліктерімен және мемлекеттік бағдарламалармен келісуге мүмкіндік береді.

Өзара іс-қимыл негізгі елді мекендердегі кездесулерді, жобаларды әзірлеу сатысында көпшілік алдында кеңес беруді, облыстық және аудандық әкімдіктердің өкілдерімен тұрақты үйлестіруді қамтиды. Бұдан басқа, компания маңыздылықты бағалау шеңберінде стейкхолдерлерге сауалнама жүргізеді, бұл сондай-ақ оларды КӘЖ басымдықтары туралы хабардар етуге көмектеседі.

АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУШІЛІК

Әлеуметтік салаға барлық инвестициялар нысандандырылған басқару жүйесімен реттеледі және нәтижелілік тұрғысынан тұрақты бақылауда болады. Жобалар белгіленген көрсеткіштер бойынша бағаланады, ал қадағалауды компанияның ішкі бөлімшелері де, сыртқы мүдделі тараптар да қамтамасыз етеді.

«КАТКО» жобаларды іске асыру нәтижелерін ұсына отырып және кері байланыс жинай отырып, жақын жердегі кенттердің тұрғындарымен жылына төрт кездесу өткізеді. Компания сондай-ақ жергілікті билік органдары ұйымдастыратын жария тыңдауларға қатысады. Барлық әлеуметтік салымдар қаражаттың мақсатты пайдаланылуы мен өлшенетін қоғамдық әсерді растау үшін аудиттен өтеді.




Адамдар, Ғаламшар және Өркендеу


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ

Оңтүстік Төртқұдық учаскесін игеруге арналған лицензияға сәйкес, «КАТКО» Түркістан облысын дамытуға барлық күрделі салымдардың (зауыт құрылысына арналған шығындарды есептемегенде) 2%-ын бағыттауға міндетті. Бұдан басқа, Қатысушылармен жасалған Құрылтай шартында Компанияның өндірістік объектілері орналасқан Созақ ауданында әлеуметтік жобаларды іске асыруға жыл сайын шамамен 300 млн теңге көлемінде жарна көзделген. 2025 жылдың соңында шарт тағы үш жылға ұзартылады.




Әлеуметтік қолдау, KZT млн



Өзінің КӘЖ саясатына сәйкес, «КАТКО» есепті кезең ішінде медициналық инфрақұрылымды нығайтуға, білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге, жаңартылатын энергетика саласындағы бастамаларды ілгерілетуге және жергілікті халықты таза сумен қамтамасыз етуге ықпал ете отырып, қайырымдылық және демеушілік қолдауды жүзеге асырды.

Әлеуметтік жобаларға инвестициялар көлемі, KZT млн



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есеп | 2024 жыл

Компанияның демеушілік қызметі ардагерлерді қолдауға, балалар мен білім беру бағдарламаларын дамытуға, қоғамдық объектілерді жаңғыртуға және қиын жағдайға тап болған отбасыларға шұғыл көмек көрсетуге бағытталды.

2024 жылы «КАТКО» КӘЖ саясатына сәйкес келесі басым бағыттарға едәуір қаражат бағыттады:

- инфрақұрылымды дамыту – 152 млн тг
- білімге қол жеткізу – 42 млн тг
- электр энергетикасы – 23 млн тг
- сумен жабдықтау – 73 млн тг
- табиғатты қорғау – 23 млн тг
- демеушілік және қайырымдылық – 39 млн тг

Өндірістің өсуі және Оңтүстік Төртқұдық жобасын іске асыру компанияның салықтық және әлеуметтік аударымдарын 2024 жылы 54,2 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға ықпал етті. Билік органдары мен Қатысушылар өкілдерінің тұрақты сапарлары «КАТКО» мәртебесін ең ірі салық төлеушілердің бірі және өңірлік экономиканың негізгі драйвері ретінде ерекше көрсетеді.

Компанияның әлеуметтік жобаларға қомақты салымдары оның жергілікті қоғамдастықтарды қолдауға және корпоративтік құндылықтарды жүзеге асыруға бейілділігін растайды. Бұл инвестициялар стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға және қоғам алдындағы ұзақ мерзімді жауапкершілікке деген «КАТКО-ның» кешенді тәсілімен бекітілген.

КЕҢЕЙТІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ
МҮМКІНДІКТЕРІ

«КАТКО» сапалы білім беру – қазіргі заманғы экономикада табысты жұмыс істеу үшін қажетті дағдылар мен білімді қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық прогрестің негізі екенін мойындайды. Білім беру инфрақұрылымына және қолдау көрсету бағдарламаларына инвестициялай отырып, Компания білім беру саласындағы «Орано Майнинг» стратегиясына сәйкес инновацияларды, әлеуметтік ұтқырлықты және қоғамдастықтардың тұрақтылығын дамытуға жәрдемдеседі.

Есептік кезеңде «КАТКО» Созақ ауданының Тасты және Шу кенттерінен келген 11 аз қамтылған студентке арналған оқыту мен ай сайынғы стипендияны өтейтін стипендиялық бағдарламаны ұйымдастырды.

2024 жылы Компания сондай-ақ National Geographic Qazaqstan-мен, Созақ ауданы әкімінің атқарушы аппаратымен және «Зейнет» қайырымдылық қорымен үш жақты келісім жасасты, оның шеңберінде журналға жазылымдар ұсынылды және студенттік шеберлік сыныптары өткізілді. Созақ ауданындағы 35 мектептің барлығы 228 журнал санын алды (тұтас алғанда 7 980 дана), ал ғылыми-ағартушылық сабақтар мен қаржылық сауаттылық сабақтары 900-ден астам оқушыны қамтыды. Сондай-ақ, қаржылық сауаттылық бойынша қазақ тіліндегі 2 500 кітап таратылды.

Компания өзінің кадрлық білім беру бағдарламасы шеңберінде Жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес әлеуметтік осал топтардағы балалар үшін бір жылдық оқуды қаржыландырады, бұл талаптар бойынша оқытуға арналған бюджеттердің 30%-ы қызметкерлер емес адамдарды қолдауы тиіс. 2024 жылы бағдарлама «КАТКО» қызметкерлерінің 48 баласына және «Қазатомөнеркәсіп» қызметкерлерінің 29 баласына көмек көрсетті, қалған қаражат Алматыдағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің 45 әлеуметтік осал студентінің оқуын қаржыландыруға бағытталды.

 **~300** млн KZT

Созақ ауданында жыл сайын әлеуметтік бастамаларға бөлінеді

 **2** %

күрделі шығындар Түркістан облысындағы жергілікті инфрақұрылым мен қызметтерге қайта инвестицияланады

ЭНЕРГИЯНЫ СЕНІМДІ ЖЕТКІЗУ

«КАТКО» тұрақты энергиямен жабдықтау әсіресе Түркістан облысы сияқты қатты қыс өңірлерде қоғамдық әл-ауқат пен экономикалық тұрақтылықтың негізі екенін түсінеді. Қолжетімді жылытуды қамтамасыз ете отырып және тұрақты баламаларды зерделей отырып, Компания осал отбасыларды қорғауға және өңірдің ұзақ мерзімді тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

Жыл сайын «КАТКО» жергілікті отбасыларға қыс айларында аман қалуға көмектесу үшін өңірдегі негізгі жылу көзі, көмірді сатып алу және жеткізу жөніндегі бағдарламаны жүзеге асырады.

СУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ КЕҢЕЙТУ

«КАТКО» таза суға сенімді қолжетімділік, әсіресе маусымдық тапшылыққа ұшыраған ауылдық аудандарда, қоғамдық денсаулықтың, ауыл шаруашылығы өнімділігінің және өмір сүру сапасының кепілі болып табылады деп есептейді. Орнықты су инфрақұрылымын дамыта отырып, Компания күнкөріс қаражатын сақтауға, орнықты егіншілікке және жергілікті қоғамдастықтардың тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

2024 жылы «КАТКО» Қылды, Тасты және Шу кенттерінде су ұңғымаларының құрылысын қаржыландырды. Барлық ұңғымалар Созақ ауданы әкімдігінде зертханалық тексеруден өтті. Қылтыдағы ұңғыма Тастыдағы су тазарту қондырғысына қосылған, ал Тасты мен Шудағы ұңғымалар егістік жерлерді және ағаштарды суаруға арналған.

ОРМАНДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ
ЖОБАЛАРЫ

«КАТКО» шөлейттенумен күресті және жергілікті экожүйелерді қалпына келтіруді қоғамдық әл-ауқатқа арналған негізгі міндет ретінде қарастырады. 2024 жылы Компания Шолаққорған-Түркістан тас жолының бойына 5 000 түп ағаш отырғызып, жол бойына жасыл желек отырғызуды күшейтті. Отырғызылған ағаштар мал жаюдан қорғауға арналған секциялармен қоршалған, бұл олардың аман қалуын қамтамасыз етеді. Бұл бастама Компанияның ландшафттарды қалпына келтіруге және қоғамдастықтардың экологиялық әл-ауқатына бейілділігін растайды. Арал теңізінің жобасы туралы толығырақ 33-беттен қараңыз.



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті ұтқырлық

Әлеуметтік инклюзия бойынша міндеттемелер шеңберінде «КАТКО» есепті кезеңде Созақ ауданында мүмкіндігі шектеулі балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін арнайы жабдықталған автомобиль сатып алуды қаржыландырды. «Инватакси» бастамасы жергілікті Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментімен серіктестікте іске асырылды және қолдау қызметтері үшін қолжетімді көлік тапшылығын жоюға бағытталды.

Автомобиль дене және зияткерлік ерекшеліктері бар балаларға

толық бейімделген, оны аудандық Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы пайдаланады. Ол өңірлік психологиялық-педагогикалық кабинетке және басқа да мамандандырылған мекемелерге тасымалдауды қамтамасыз етеді. Сервис қазіргі уақытта мүгедектігі бар 40 балаға және білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 20 балаға қызмет көрсетеді.

Стандартты мемлекеттік сатып алу рәсімінен тыс орындалған «КАТКО-ның» тікелей қаржыландыруы жобаны іске асыруды жеделдетуге және автомобильдің техникалық ерекшелігін

жергілікті қажеттіліктерге бейімдеуге мүмкіндік берді. Жоба Компанияның денсаулық сақтау және білім беру саласындағы басымдықтарына сәйкес келеді және оның қабылдаушы қоғамдастықтардағы қызметтердің теңдігі мен қолжетімділігіне бейілділігін көрсетеді.

«Инватакси» қызметі 2023 жылы іске қосылды. Созақ ауданының әкімі қатысқан табыстау рәсімінде жергілікті билік органдары «КАТКО» компаниясының әлеуметтік бірлік пен инклюзивті дамуға қосқан үлесін атап өтті.



“ Біз Созақ ауданында отбасылардың өмірін шын мәнінде өзгертетін қолжетімді тасымалдау жөніндегі шешімдерді қолдайтынымызды мақтан тұтамыз.

Шолпан Қолдасбекова,
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша менеджер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

2024 жылы «КАТКО» Компанияның ықпалын қабылдау, күтулер мен негізгі алаңдаушылықтарды бағалау үшін ішкі және сыртқы топтар арасында мүдделі тараптарға құрылымдық сауалнама жүргізді. Сауалнама CSRD және GRI талаптарымен келісілген маңыздылықты бағалау бойынша «Орано» әдіснамасына сәйкес орындалды. Тақырыптарды басымдыққа алу үшін стейкхолдерлер топтарының салмақтық коэффициенті олардың Компания қызметіне ықпалы мен әсер ету дәрежесіне байланысты қолданылды. Нәтижелер түсінікті әсер ету тұжырымдамаларына шоғырландырылып, іс-қимылдарды жоспарлау және қатысушыларға ашық кері байланыс үшін пайдаланылды.

«КАТКО» сауалнама негізінде жыл сайын қайта қаралатын 3-5 жыл мерзімді қатыстыруды басқару жоспарын әзірлейді. Жоспар стейкхолдерлердің мәселелерін қарау жөніндегі нақты шараларды айқындайды, диалогтың жиілігі мен арналарын белгілейді, жауапты адамдарды бөледі және нәтижелер мен жоспарланған шараларды жүйелі түрде ашуды, сондай-ақ берілген индикаторлар бойынша орындалу мониторингін болжайды. Маңыздылықты бағалау процесі бойынша толығырақ 16-беттен қараңыз.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ШАҒЫМДАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІ

«КАТКО» Бизнес және адам құқықтары жөніндегі БҰҰ басшылық қағидаттарына және КӘЖ саясатына сәйкес, өзінің қызметіне байланысты шағымдар беру үшін қолжетімді және ашық арналар ұсынады. 2021 жылдан бастап Компания бейінді бөлімшелердің қолдауымен КӘЖ командасы басқаратын шағымдарды қараудың формалды тетігін қолдайды. Тетік әрбір шағымды алған сәттен бастап оны шешуге дейін тіркеуге, талдауға және қадағалауға мүмкіндік береді.

Сыртқы мүдделі тараптар шағымдарды электрондық пошта, хат немесе телефон арқылы, ал мүмкіндігінше қоғамдастықтармен кездесулер кезінде жеке өздері бере алады. Барлық кезеңдерде өтініш берушілерге олардың жүгіну жай-күйі және келісілген түзету шаралары туралы жаңартулар беріледі. Рәсім коммуникацияларды толық қадағалауды қамтамасыз етеді және есеп берушілікті күшейтеді.

2023 және 2024 жылдары «КАТКО» бірде-бір негізделген шағым алған жоқ.

2023-24 жж. алынған шағымдар



ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАЙТЫН БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ

Шағымдар мен өтініштерді келесі тәсілдермен жіберуге болады:

- Телефон арқылы (Қазақстан бойынша): 8-7172-69-21-21 (30-11)
- Электрондық пошта арқылы: katco_grievance@orano.group
- Поштамен: Астана қ., Гейдар Әлиев к-сі, 16-үй, «КАТКО» БК» ЖШС, Коммуникациялар және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік басқармасы



ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ

Аса маңызды қоғамдық инфрақұрылым

«КАТКО» өмір сүру сапасын арттыратын және болашақта тиімді қызмет көрсетіле алатын инфрақұрылымға баса назар аудара отырып, әлеуметтік инвестициялардың ұзақ мерзімді серіктестік стратегиясын іске асырады. Жергілікті қоғамдастықтармен кеңесу негізінде Компания барынша көп қамтитын және орнықты жобаларға қаражат жібереді.

2017 жылдан бастап «КАТКО» Түркістан облысы Созақ ауданының 14 ауылдық елді мекенінде 23 заманауи спорттық және балалар ойын алаңдарының құрылысын қаржыландырды. Құны 370 млн теңге бағдарлама мектепке дейінгі

және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған шағын футбол алаңдары мен қауіпсіз ойын аймақтарын қамтиды. Қолжетімді спорт объектілерінің бар болуы жүйелі дене белсенділігіне ықпал етеді және жастар арасындағы әлеуметтік бірлікті нығайтады.

Бұған қоса, 2022 жылдан бастап Компания Созақ ауданының алты елді мекеніндегі 30 жолда жаңа көше жарықтандыру желілерін орнатты. Құны 239 млн теңге жоба пайдалану шығындары мен шығарындыларды төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерінің жекелеген элементтерімен дәстүрлі трансформаторларды біріктіреді. Сенімді жарықтандыру түнгі уақытта

жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер үшін қауіпсіздікті арттырды, жергілікті кәсіпорындардың сауда сағаттарын ұзартып, шалғайдағы аудандарда жалпы қорғалу сезімін жақсартты.

Бұл спорттық және инженерлік инфрақұрылым құру бастамалары тұрғындар белгілеген нақты күнделікті тапшылықтарды жою жөніндегі «КАТКО» стратегиясын көрнекі түрде көрсетеді. Күн сайын пайдаланылатын объектілерді қаржыландыра отырып, Компания өңірлік даму мақсаттарын қолдап қана қоймай, қызметті жүргізуге арналған өзінің әлеуметтік лицензиясын да нығайтады.



“**Мықты қоғамдастықтар – бұл тұрақты жұмыстың негізі. Тұрғындардың өздері таңдаған жарықтандыру жүйелері мен көп функциялық спорт алаңдарын салуды қолдай отырып, «КАТКО» тұрақтылық қағидаттарын нақты пайдаға айналдырады.**

Айнаш Шеңгелбаева,
Коммуникациялар және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік басқармасының бастығы

GRI CONTENT INDEX

МАЗМҰНЫН КӨРСЕТКІШІ

Қолдану туралы етініш	«КАТКО» GRI стандарттарының ұсынымдарын ескере отырып, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі есепті кезеңде осы көрсеткіште келтірілген ақпаратты дайындады
GRI 1 қолдану	GRI 1: Foundation 2021

Төмендегі беттерге берілген сілтемелер түпкілікті болып табылмайды

АШЫЛУЫ	Беттің нөмірі
GRI 2: Жалпы ашулар 2021	
2-1 Ұйым туралы толық ақпарат	56, 67
2-4 Ақпаратты нақтылау	21, 22, 23, 29, 30, 38, 43, 47, 48, 49, 53, 56, 62, 63
2-5 Сыртқы есептілікті растау	11, 51
2-6 Ұйымның қызметі, қосылған құн тізбегі және өзге де іскерлік байланыстары туралы мәліметтер	1, 4, 5, 6, 8, 46, 47, 48, 49, 50, 66
2-7 Ұйымның штаттық қызметкерлері	6, 9, 39, 40, 41, 41, 43, 44, 45, 62, 63, 64, 65, 66
2-8 Қызметкерлер болып табылмайтын қызметкерлер	42, 44, 47, 48, 49, 62, 63
2-9 Басқарма құрылымы мен құрамы	10, 11, 12, 66
2-12 Әсерді басқаруды қадағалаудағы жоғары басқару органының рөлі	12
2-13 Әсерді басқару жауапкершілігін беру	10, 11, 12
2-15 Мүдделер қақтығысы	11
2-16 Маңызды мәселелер туралы хабарлау	10, 11, 40, 54, 56
2-19 Сыйақы саясаты	40, 42
2-20 Сыйақыны айқындау тәртібі	40, 42
2-21 Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	64, 65
2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	4
2-23 Ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген міндеттемелер	11, 18, 25, 35, 40, 47, 52
2-24 Саясат пен міндеттемелерді енгізу	18, 19, 25, 26, 27, 28, 35, 40, 41, 47, 52
2-25 Тері әсерді азайту механизмдері	8, 25, 28, 36
2-26 Кеңес алу және проблемалар туралы хабарлау механизмдері	10, 11, 40, 54, 56
2-27 Заңнаманы сақтау	1, 10, 11, 37, 42, 44
2-29 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	4, 6, 11, 12, 16, 40, 52, 54, 56
2-30 Ұжымдық шарттар	6, 40, 41, 42, 43, 45
GRI 3: Маңызды тақырыптар 2021	
3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	16, 52, 54
3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі	16, 52, 54
3-3 Маңызды тақырыптарды басқару	16, 52, 54
GRI 101: Биоалуантүрлілік 2024	
101-1 Биоалуантүрліліктің жоғалуын тоқтату және қалпына келтіру саясаты	24-33
101-2 Биоалуантүрлілікке әсерді басқару	24-33
101-3 Биологиялық ресурстарға қол жеткізу және оларды пайдаланудың пайдасын бөлу	24-33
101-4 Биоәртүрлілікке әсерін анықтау	24-33
101-5 Биоәртүрлілікке әсер ететін аумақтар	24-33
101-6 Биоәртүрлілікті жоғалтудың тікелей факторлары	24-33
101-7 Биоәртүрлілік жағдайының өзгеруі	24-33
GRI 102: Климаттың өзгеруі 2025	
102-1 Климаттың өзгеруін азайту бойынша ауысу жоспары	27
102-2 Климаттың өзгеруіне бейімделу жоспары	27
102-4 Парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаттары және оларға жету барысы	9, 30, 63
102-5 Парниктік газдар 1-шығарындылары (Score 1)	9, 27, 29, 30, 31, 63
102-6 Парниктік газдар 2-шығарындылары (Score 2)	26, 29, 30, 63
102-7 Парниктік газдар 3-шығарындылары (Score 3)	9
102-9 Құн тізбегіндегі парниктік газдарды жою	30

АШЫЛУЫ	Беттің нөмірі
GRI 103: Энергия 2025	
103-1 Энергия тұтыну саласындағы саясаттар мен міндеттемелер	1, 6, 25, 27, 29, 30, 31, 53, 54
103-2 Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну және өзіндік генерациялау	5, 25, 27, 29, 30, 31, 36
103-5 Энергияны тұтынуды азайту	5, 25, 27, 29, 30, 31, 36
GRI 201: Экономикалық тиімділік 2016	
201-1 Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	9, 48, 49, 53
201-3 Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша міндеттемелер және басқа да зейнетақы жоспарлары	40, 43, 44, 45
GRI 203: Жанама экономикалық әсерлер 2016	
203-1 Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер	51-57
203-2 Елеулі жанама экономикалық әсерлер	46-57
GRI 204: Сатып алу тәжірибесі 2016	
204-1 Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	9, 48, 66
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016	
205-1 Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер тұрғысынан бағаланатын өндірістік бөлімшелер	47
205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту	11
205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған әрекеттер	11
GRI 301: Материалдар 2016	
301-2 Қайта өңделген кіріс материалдарын пайдалану	27, 29, 36
GRI 302: Энергия 2016	
302-1 Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	25, 30
302-4 Энергия тұтынуды азайту	25, 27, 30
302-5 Өнімдер мен қызметтердің энергия тұтынуын азайту	25, 27, 30
GRI 303: Су және төгінділер 2018	
303-1 Ортақ су ресурстарымен өзара әрекеттесу	1, 6, 16, 25, 26, 28, 29, 35, 36, 52, 53, 54
303-2 Су шығаруға байланысты әрекеттерді басқару	26, 29, 37
303-3 Су алу	25, 26, 28, 36
303-4 Суды ағызу	26, 27, 29, 37
303-5 Су тұтыну	5, 25, 26, 29, 35, 36
GRI 304: Биоалуантүрлілік 2016	
304-1 Меншіктегі, жалға алынған немесе басқарылатын және ЕҚТА-да және олардың шеғарасынан тыс биоәртүрлілік құндылығы жоғары аумақтарда орналасқан өндірістік алаңдар	5, 8, 27, 37
304-3 Сақталған немесе қалпына келтірілген мекендеу орындары	25, 27, 28, 33, 54
304-4 МСОП қызыл тізіміне енгізілген түрлердің жалпы саны және ұйымның қызметі әсер ететін қорғалатын түрлердің ұлттық тізімі	31
GRI 305: Шығарындылар 2016	
305-1 Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту)	9, 27, 29, 30, 31, 63
305-2 Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (2-қамту)	27, 30, 31, 63
305-3 Парниктік газдардың өзге де жанама шығарындылары (3-қамту)	9
305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту	30, 31
GRI 306: Қалдықтар 2020	
306-1 Қалдықтардың пайда болуы және онымен байланысты елеулі әсерлер	27, 29, 30, 31
306-2 Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	5, 25, 26, 36, 37, 44, 50
306-3 Түзілген қалдықтар	29, 30, 31
306-4 Қайта өңделген қалдықтар	29, 36, 50
306-5 Залалсыздандыруға бағытталған қалдықтар	25, 27, 50
GRI 308: Экологиялық критерийлер бойынша жеткізушілерді бағалау 2016	
308-1 Экологиялық критерийлер бойынша бағалаудан өткен жаңа жеткізушілер	6, 47
308-2 Жеткізу тізбегіндегі теріс экологиялық әсерлер және қабылданған шаралар	12, 20, 25, 27, 31, 32, 35
GRI 401: Жұмыспен қамту 2016	
401-1 Жаңа қызметкерлерді жалдау және кадрлардың тұрақсыздамауы	42, 45, 64, 65
401-2 Толық жұмыспен қамту жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе толық емес жұмыс жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	41, 44, 45, 46
401-3 Бала күтімі бойынша демалыс	6, 40, 43, 44, 45

АШЫЛУЫ	Беттің нөмірі
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы 2016	
402-1 Ұйымның қызметіндегі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі	43
GRI 403: Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік 2018	
403-1 Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесі	8, 10, 12, 18, 19, 20, 22, 35, 37
403-2 Өндірістік тәуекелдер мен қауіптерді анықтау және бағалау, осы тәуекелдерді іске асыруға байланысты жазатайым оқиғаларды тергеу	12, 18, 20, 25, 40
403-3 Өндірістегі еңбекті қорғау жөніндегі қызмет	19, 22, 43, 44, 45, 48, 49, 62
403-4 Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне қатысу, кеңес беру және қызметкерлердің назарына жеткізу	19, 22, 40, 62
403-5 Қызметкерлерді еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту	5, 12, 19, 20, 21, 22, 23, 37, 40, 42, 43, 62, 64, 65
403-6 Жұмысшылардың денсаулығының алдын алу және қорғау	40, 41, 43, 44, 45
403-7 Іскерлік қатынастармен тікелей байланысты денсаулық пен еңбек қауіпсіздігіне әсердің алдын алу және азайту	5, 18, 20, 23, 25, 35, 38, 44, 47, 48, 49, 50, 62, 63
403-8 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің талаптары қолданылатын қызметкерлер	19, 22, 43, 44, 45, 48, 49, 62
403-9 Өндірістік жарақаттану	5, 9, 20, 21, 62, 63
GRI 404: Оқыту және білім беру 2016	
404-1 Бір қызметкерге жылына оқу сағаттарының орташа саны	64, 65
404-2 Қызметкерлердің жұмыспен қамту қабілетін қолдауға арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары	5, 10, 11, 12, 19, 20, 22, 23, 37, 40, 41, 42, 43, 44, 54, 62, 64, 65
404-3 Мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	64, 65
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	
405-1 Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	6, 9, 40, 41, 43, 64, 65, 66
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар 2016	
413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу, әсерді бағалау және даму бағдарламалары	1, 8, 11, 16, 19, 26, 40, 45, 52, 53, 55
413-2 Жергілікті қоғамдастықтарға елеулі нақты және ықтимал теріс әсері бар бөлімшелер	16, 19, 22, 26, 28
GRI 414: Әлеуметтік критерийлер бойынша жеткізушілерді бағалау 2016	
414-1 Әлеуметтік критерийлер бойынша іріктеуден өткен жаңа жеткізушілер	6, 47
414-2 Тізбектегі жағымсыз әлеуметтік әсерлер жеткізу және қабылданған шаралар	16
GRI 415: Мемлекеттік саясат 2016	
415-1 Мемлекеттік / саяси қажеттіліктерге арналған қайырымдылықтар	12 (none made)
GRI 416: Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі 2016	
416-1 Денсаулық пен қауіпсіздікке әсері бағаланатын өнімдер мен қызметтердің санаттары	16
GRI 417: Маркетингтік коммуникациялар және өнімдер мен қызметтерді таңбалау 2016	
417-1 Процедуралармен талап етілетін өнімдер мен қызметтердің қасиеттері туралы ақпарат түрлері	25, 35

Адамдар, Ғаламшар және Өркендеу

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша есеп

2024 жыл

ҚОСЫМШАЛАР: ДЕРЕКТЕР АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

2024 жылы HSERP (ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және РҚ) оқыту

	Мақсатты топ	Сағаттардың ұзақтығы	Қатысушылар саны	Барлық сағаттар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	Жұмысшылар	10	358	3 580
	ИТҚ	40	253	10 120
Еңбекті қорғау	Жұмысшылар	40	358	14 320
	ИТҚ	72	141	10 152
Алғашқы көмек	Барлығы	6	611	3 666
Өрт қауіпсіздігі	Барлығы	12	611	7 332
Қауіпсіздік мәдениеті	Барлығы	2	611	1 222
Барлығы	–	–	–	50 392

Радиациядан қорғау саласындағы нәтижелер

	2022	2023	2024
Қазақстандағы радиацияның рұқсат етілген ең жоғары деңгейі (мЗв)	20	20	20
Сәулелену дозасынан асатын жұмыскерлер 20 мЗв	0	0	0
«КАТКО» персоналы үшін жылына сәулеленудің ең жоғары деңгейі (мЗв)	2,93	4,42	4,29
«КАТКО» персоналы үшін жылына орташа сәулелену деңгейі (мЗв)	1,22	1,36	1,59
Мердігерлер үшін жылына максималды сәулелену деңгейі (мЗв)	1,98	1,75	1,47
Мердігерлер үшін жылына орташа сәулелену деңгейі (мЗв)	0,98	0,70	0,77

2023-2024 жылдардағы LTIFR және TRIFR және ТНК «КАТКО» коэффициенттері

	2023	2024		«КАТКО»	Мердігерлер
Еңбекке жарамдылықты жоғалтумен жарақат алу жиілігі (LTIFR), жылжымалы 12 айлық көрсеткіш («КАТКО» және мердігерлер)	≤0,5	≤0,5	Медициналық тексерулер, 2023	2 800	713
LTIFR бойынша ТНК («КАТКО» және мердігерлер)			Медициналық тексерулер, 2024	2 356	628
Тіркелген жарақаттардың жалпы жиілігі (TRIFR), жылжымалы 12 айлық көрсеткіш	≤1,5	≤1,5			
TRIFR бойынша ТНК («КАТКО» және мердігерлер)	1,18	1,11			

2023-2024 жылдардағы «КАТКО» TF1 және TF2 және ТНК коэффициенттері

KPI description	2019		2020		2021		2022		2023		2024	
	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1 Оқиға жиілігінің коэффициенті TF1 («КАТКО» және мердігерлер)	≤ 0.25	0.45	≤ 0.5	0	≤ 0.5	0.84	≤ 0.5	0.17	≤ 0.5	0	≤ 0.5	0.12
2 Оқиға жиілігінің коэффициенті TF2 («КАТКО» және мердігерлер)	< 1	0.45	< 7	2.22	x	1.05	x	0.17	x	0.27	x	0.12
3 ЖӨЕП-ға сәйкес қауіпсіздік инспекциясы (IV деңгейі)	20	29	24	17	24	23	16	27	20	21	20	25
4 ЖӨЕП-ға сәйкес қауіпсіздік инспекциясы (III деңгейі)	96	198	104	207	104	176	96	83	155	117	155	151
5 ЖӨЕП-ға сәйкес қауіпсіздік инспекциясы (II деңгейі)	1320	1597	2548	2591	2548	2617	1976	2753	650	694	650	747
6 Өлім жағдайлары	x	0	x	0	0	1	0	0	0	0	0	0
7 Оқиғалар	100	117	100	80	x	54	x	39	x	27	x	34
8 Сайттардағы HSERP кездесулері	52	48	53	50	x	50	x	50	x	52	x	52
9 HSERP мәселелері бойынша КОДИР отырыстары	52	52	53	53	x	50	x	50	x	52	x	52
10 Жоспарлы оқу-жаттығулар саны	34	34	34	33	8	33	38	38	38	39		
11 Екінші және үшінші деңгейдегі ілімдер саны	2	2	2 1	1 1	1	1	2	1	2	2	2	2
12 Кешенді жоспарлы және мақсатты тексерулер					x	144	x	139	x	133	x	119

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ ӨНДІРІС

«КАТКО» ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

	Өлш. бірл.	2023	2024
2-қамту (Scope), «орналасқан жері бойынша» әдісі			
Электр энергиясын тұтынумен байланысты жанама шығарындылар	CO ₂ -экв. тонна	64 487	64 791
Буды, жылуды немесе суықты тұтынумен байланысты жанама шығарындылар	CO ₂ -экв. тонна		
Парниктік газдардың жанама шығарындылары	CO ₂ -экв. тонна	64 487	64 791
2-қамту (Scope) 2, «нарық бойынша» әдісі			
Есепті жылы сатып алынған және пайдаланылған жаңартылатын энергия сертификаттары (RECs)*	MВт*с	–	69 830
Электр энергиясын тұтынумен байланысты жанама шығарындылар	CO ₂ -экв. тонна	64 487	27 593
Буды, жылуды немесе суықты тұтынумен байланысты жанама шығарындылар	CO ₂ -экв. тонна	–	–
Парниктік газдардың жанама шығарындылары	CO ₂ -экв. тонна	64 487	27 593
және 2-қамту (Scopes), «орналасқан жері бойынша» әдісі			
Парниктік газдардың жиынтық тікелей және жанама шығарындылары, «орналасқан жері бойынша» әдісі	CO ₂ -экв. тонна	93 444	108 363
1 және 2-қамту (Scopes), «нарық бойынша» әдісі			
Парниктік газдардың жиынтық тікелей және жанама шығарындылары, «нарық бойынша» әдісі	CO ₂ -экв. тонна	93 444	71 164

* Жаңартылатын энергия сертификаттары электр энергиясының пайда болуын бақылаудың виртуалды жүйесі болып табылады. Іс жүзінде бұл оператор жаңартылатын көздерден бір мегаватт-сағат электр энергиясын өндіріп, оны энергия сататын компанияларға сатқан кезде аккредиттелген тәуелсіз ұйым 1 МВт*сағ сертификат шығарады дегенді білдіреді. Осы экологиялық атрибуттың болуы электр энергиясының тиісті көлемін (кВт*сағ) 2-қамту (Scope 2) шеңберінде шығарындылар бойынша нөлдік ретінде, «нарық бойынша» әдісін ескеруге мүмкіндік береді.

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Жас топтары, жынысы және аймақтары бойынша жаңадан жалдау

	Жынысы		Жас тобы			Аймақ			Барлығы
	Әйел.	Ер.	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан асқан	Мойынқұм	Төртқұдық	Астана	
Жаңа жалдау									
2024 ж., жалданды	10	70	30	47	3	11	57	12	80
2024 ж., жалданғандардың үлесі	13%	88%	38%	60%	4%	14%	71%	15%	7%

Қызметкерлердің жас топтары, жынысы және аймақтары бойынша ауысуы

	Жынысы		Жас тобы			Аймақ			Барлығы
	Әйел.	Ер.	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан асқан	Мойынқұм	Төртқұдық	Астана	
Жаңа жалдау									
2024 ж., жұмыстан шыққан сандар	21	59	16	45	19	17	48	15	80
2024 ж., тұрақтамау коэффициенті	10,1%	6,5%	24,2%	5,9%	4,1%	4,9%	6,8%	15,3%	7,0%

Қызметкерлерді оқыту

	Әйел.	Ер.	Жұмысшы персонал	Басқару персоналы	Барлығы
Қызметкерлерді оқыту сағаттарының саны	5 568	33 867	12 245	27 190	39 435
Оқытудан өткен тұрақты қызметкерлердің саны	118	782	172	728	900
Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	47	43	71	37	44

Тиімділікті бағалау

	Әйел.	Ер.	Жұмысшы персонал	Басқару персоналы	Барлығы
Тиімділік пен мансаптық дамуды тұрақты бағалаудан өтетін қызметкерлер саны	157	1,097	172	1 082	1 254
Үлесі	13%	87%	14%	86%	–

Келісімшарт түрі бойынша персоналды бөлу

	2024	Үлесі
Тұрақты қызметкерлер (А санаты)	1 155	89%
Уақытша қызметкерлер	145	11%
Ұзақ мерзімді демалыстағы қызметкерлер (В санаты)	38	3%
Толық жұмыс істейтін қызметкерлер	1 300	100%
Толық емес жұмыс күні істейтін қызметкерлер	0	0%
Жыл соңына штаттық қызметкерлердің жиыны	1 300	100%

Қызметкерлерді жас топтары, жынысы және аймақтары бойынша бөлу

	Жынысы		Жас тобы			Аймақ			Барлығы	%
	Әйел.	Ер.	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан асқан	Мойынқұм	Төртқұдық	Астана		
Тұрақты қызметкерлер (А санаты)	148	1007	99	759	297	262	799	91	1155	89%
Уақытша қызметкерлер	15	130	82	60	3	49	86	10	145	11%
Ұзақ мерзімді демалыстағы қызметкерлер (Б санаты)	28	10	6	31	1	–	–	–	–	–
Толық жұмыс істейтін қызметкерлер	163	1137	181	819	291	311	885	101	1300	100%
Толық емес жұмыс күні істейтін қызметкерлер	–	–	–	–	–	–	–	–	–	0%
Жыл соңына штаттық қызметкерлердің жиыны	163	1137	181	819	291	311	885	101	1300	100%

Персоналды әртараптандыру

Категория	Саны	Үлесі
Менеджмент және ИТҚ	444	38%
Әкімшілік персонал	135	12%
Өндірістік персонал	576	50%
Барлығы	1155	100%

Басқару органдарына жынысы және жас топтары бойынша бөлінуге қатысатын қызметкерлер

Санаттар бойынша басқару органына (БДЖДҚ) кіретін қызметкерлер	Жынысы		Жас тобы			Барлығы
	Әйел.	Ер.	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан асқан	
Саны	2	8	0	9	1	10
Үлесі	20%	80%	0%	90%	10%	100%

БІЗДІҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

Жергілікті қамту туралы есеп

	Сума, KZT млрд	Үлесі
Тауарлар	65,0	63,4%
Жұмыстар	27,0	86,8%
Қызметтер	12,5	92,1%
Барлығы	104,5	97%


Қазақстан, Астана қ.,
Гейдар Әлиев к-сі,
№16 ғимарат


@katcojv


@katco_jv


katco_jv



